3. Көркемдік құндылықтар (жасалған уақытына қарамастан, 50-ден аз жыл бұрын жасалған кескіндеме, мүсіндік және графикалық жұмыстарды, декоративтік-қолданбалы өнер заттарын және әртүрлі конфессиялардың діни ғұрыптарын өткізу заттарын, дизайнерлік жобаларды, кәдесый бұйымдары инсталляцияларын, бала шығармашылығы заттарын, сондай-ақ тұрмыс заттарын қоспағанда):	
	4420-дан 49 топтан 6913-тен 7018-ден 73 топтан

3.1. Кескіндеме, мүсіндеме туындылары	74 топтан
	75 топтан
	76 топтан
	78 топтан
	79 топтан
	80 топтан
	81 топтан
	82 топтан
	8306-дан
	97 топтан
3.2. Графика туындылары және бірегей графикалық баспа қалыптары	49 топтан 97 топтан
3.3. Өртүрлі конфессиялардың діни ғұрыптарын өткізу заттары	42 топтан 44 топтан 46 топтан 57 топтан 58 топтан 69 топтан 7018-ден 94 топтан 95 топтан 96 топтан 97 топтан
3.4. Декоративтік-қолданбалы өнер заттары	4420-ден 97 топтан
4. 100 және одан көп жыл бұрын жасалған баспа басылымдары	97 топтан
5. 100 және одан көп жыл бұрын жасалған монеталар, боналар, банкноталар мен бағалы қағаздар	4907 00-ден 7118-ден 97 топтан
6. 100 және одан көп жыл бұрын жасалған фалеристика заттары: ордендер, медальдар, белгілер, жетондар және т.б. (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік наградаларын қоспағанда)	7113-тен 7114-тен 7117-ден 8306-дан 97 топтан
7. Жасалған уақытына қарамастан, бірегей және сирек музыкалық аспаптар мен ысқылар (фабрикада (мануфактуралық) жасалғандарды қоспағанда)	92 топтан 97 топтан
8. 100 және одан көп жыл бұрын жасалған пошталық төлем белгілері (пошталық маркалар мен блоктар), маркаланған конверттер, салықтық және соған ұқсас маркалар (жасалған уақытына қарамастан, пошта карточкаларын және ашық хаттарды қоспағанда)	97 топтан
9. Сирек коллекциялар мен үлгілер – туындаған немесе жасалған уақытына қарамастан, биология (анатомия, ботаника, зоология, палеонтология), минералогия, метеоритика сияқты ғылым салалары үшін қызығушылық тудыратын заттар	9705 00 000 0-ден

10. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кедендік аумағына бұрынырақ әкелінген, 100 жыл бұрынғы мәдени құндылықтар	97 топтан
11. 50 және одан көп жыл бұрын жасалған қолжазбалар, деректі ескерткіштер, мұрағат құжаттары	37 топтан 49 топтан 97 топтан

Бөлімге ескерту.	Осы бөлімнің мақсаттары үшін ЕАЭО СЭҚ ТН кодымен қатар, тауардың атауын да басшылыққа алу қажет.
------------------	--

2.21. Адамның мүшелері мен тіндері, қан және оның компоненттері, адамның биологиялық материалдарының үлгілері

Тауардың атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН Коды
1. Аллогендік тіндер (ұйқыбез, қалқанша без, қосымша ұйқыбез, гипофиз және басқа эндокриндік тіндер)	3001 90 200 0-ден
2. Гемопозтикалық бағаналық жасушалар	3001 90 200 0-ден
3. Көзбұшақ капсуласы	3001 90 200 0-ден
4. Тері	3001 90 200 0-ден
5. Жүрек - өкпе кешені	3001 90 200 0-ден
6. Конъюнктива	3001 90 200 0-ден
7. Жілік майы	3001 90 200 0-ден
8. Адам қаны және оның компоненттері	3002 10 910 0-ден 3002 10 950-ден 3002 90 100 0-ден
9. Мультивисцеральдық кешендер (бауыр – бүйрек; бауыр – бүйрек – бүйрекүсті бездер – асқазан-ішек жолы бөлігі; бүйрек – ұйқыбез)	3001 90 200 0-ден
10. Бауыр және оның бөліктері	3001 90 200 0-ден
11. Ұйқыбез жеке не басқа мүшелермен жиынтықта	3001 90 200 0-ден
12. Бүйректер	3001 90 200 0-ден
13. Мөлдір қабық	3001 90 200 0-ден
14. Жүрек	3001 90 200 0-ден
15. Ақ қабық	3001 90 200 0-ден
16. Ішек үзінділері	3001 90 200 0-ден
17. Сүйек, сүйектің кортикальдық қабатпен бірге үзінділері	3001 90 200 0-ден
18. Шеміршек тіні	3001 90 200 0-ден
19. Жоғарғы бөлік және оның үзінділері	3001 90 200 0-ден
20. Жүрек клапандары	3001 90 200 0-ден
21. Бассүйек күмбезі сүйектері	3001 90 200 0-ден
22. Өкпе	3001 90 200 0-ден
23. Төменгі бөлік және оның үзінділері	3001 90 200 0-ден
24. Тамырлар және тамыр арнасы бөліктері	3001 90 200 0-ден
25. Сіңір	3001 90 200 0-ден

26. Қатты ми қапшығы	3001 90 200 0-ден
27. Трахея	3001 90 200 0-ден
28. Жыныстық жасушалар мен эмбриондар	3001 90 200 0-ден
29. Адамның биологиялық материалдары үлгілері (жасушалар, тіндер, биологиялық сұйықтықтар, сөл, адамның тыныс-тіршілік өнімдері, физиологиялық және патологиялық шығарымдар, жағындылар, шайындылар, қырындылар үлгілері)	0511 99 853 9-дан 0511 99 859 9-дан 3002 10 950 9-дан 3002 90 100 0-ден
Бөлімге ескертулер:	1. Осы бөлімнің мақсаттары үшін ЕАЭО СЭҚ ТН кодымен қатар, тауардың атауын да басшылыққа алу қажет. 2. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан емдеу-диагностикалық мақсаттарға, оның ішінде гемотрансфузияға немесе трансплантацияға арналмаған адамның биологиялық материалдарын әкету Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің экспорттық бақылау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тізбеге ескерту.	Осы тізбеде қолдануға қолайлы болу үшін бөлімдерді нөмірлеу пайдаланылады, ол Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада көзделген, үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіндегі бөлімдердің нөмірленуіне сәйкес келеді (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша).
------------------	--

Еуразиялық Экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 30 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

Адамның органдары мен тіндерін, қан мен оның компоненттерін, адамның биологиялық материалдарының үлгілерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада көзделген (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық туралы шартқа № 7 қосымша) Үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесінің 2.21-бөліміне енгізілген адамның органдары мен тіндерін, қан мен оның компоненттерін, адамның биологиялық материалдарының үлгілерін (бұдан әрі тиісінше – адамның органдары мен тіндері, қан мен оның компоненттері, бірыңғай тізбе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу (бұдан әрі – Одақ, әкелу) және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету (бұдан әрі – әкету) тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереженің мақсаты үшін пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

"адамның биологиялық сұйықтықтары" – адам ағзасынан шығатын сұйықтықтар, оларға оның ішінде амниоттық сұйықтық, ірің, қан, лимфа, қақырық, өт, уыз, несеп, қуық асты безінің сөлі, шырышты қабық сілемейі, синовиалды сұйықтық, шәуһет, жұлын-ми сұйықтығы, тін сұйықтығы, плевралды сұйықтық, мұрын сілемейі, тер, транссудат, құлақ құлығы және экссудат жатады;

"адамның биологиялық материалдарының үлгілері" – диагностикалық және ғылыми мақсаттарда пайдаланылатын, зерттеулер сапасына сыртқы бақылау жүргізуге, оның ішінде референс-зерттеулер жүргізуге арналған немесе биомедициналық және (немесе) клиникалық зерттеулер жүргізу процесінде алынған адамның жасушаларының, тіндерінің, биологиялық сұйықтықтарының, сөлдердің, адамның тіршілік ету өнімдерінің, физиологиялық және патологиялық шығындылардың, сүртінділердің, қырындылардың, шайындылардың үлгілері.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) және Одақтың құқығына кіретін халықаралық шарттарда айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Адамның органдары мен тіндерін, қан мен оның компоненттерін әкелу және (немесе) әкету осы Ереженің 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешімімен бекітілген Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия беру туралы өтінішті ресімдеу туралы және осындай лицензияны ресімдеу туралы нұсқаулыққа сәйкес ресімделген лицензия (бұдан әрі – лицензия) немесе Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалған қорытынды (рұқсат беру құжаты) (бұдан әрі – қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

4. Жеке тұлғалардың адамның биологиялық материалдарының үлгілерін қоспағанда, адамның органдары мен тіндерін, қан мен оның компоненттерін жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкелуіне және (немесе) әкетуіне тыйым салынады.

Жеке тұлғалардың адамның биологиялық материалдарының үлгілерін жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкелуі және (немесе) әкетуі қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

II. Кедендік рәсімдерге орналастыру

5. Бірыңғай тізбенің 2.21-бөліміне енгізілген, адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, туыстас емес транспланттау жүргізу мақсатында гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды қоспағанда, адамның органдары мен тіндерін, қан мен оның компоненттерін экспорттың және ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік

рәсімдеріне орналастыру Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) кеден органына лицензия ұсынған кезде жүзеге асырылады.

Бірыңғай тізбенің 2.21-бөліміне енгізілген адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, туыстас емес транспланттау жүргізу мақсатында гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды экспорттың және ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына қорытынды (рұқсат беру құжатын) ұсынған кезде жүзеге асырылады.

6. Адамның органдары мен тіндерін, қан мен оның компоненттерін кедендік аумақта қайта өңдеудің, кедендік аумақтан тыс жерде қайта өңдеудің, ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына қорытындыны (рұқсат беру құжатын) ұсынған кезде жүзеге асырылады.

7. Адамның органдары мен тіндерін, қан мен оның компоненттерін осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген кедендік рәсімдер әрекеттерін аяқтау мақсатында кері экспорттың және кері импорттың кедендік рәсімдеріне орналастыру адамның органдары мен тіндерін, қан мен оның компоненттерін осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген кедендік рәсімдерге орналастыру үшін мүше мемлекеттің кеден органына ұсынылған қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

8. Мүше мемлекеттің кеден органына лицензия немесе қорытынды (рұқсат беру құжатын) ұсыну адамның органдары мен тіндерін, қан мен оның компоненттерін:

а) кедендік транзиттің және жоюдың кедендік рәсімдеріне;

б) бұрын ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастырылғандарға немесе бұрын тиісінше экспорттың кедендік рәсіміне сәйкес әкетілгендерге қатысты – кері экспорттың немесе кері импорттың кедендік рәсімдеріне орналастыру жағдайларында талап етілмейді.

9. Адамның органдары мен тіндерін, қан мен оның компоненттерін кедендік қойманың, уақытша әкелудің (рұқсат берудің), уақытша әкетудің, мемлекет пайдасы үшін бас тартудың, еркін кеден аймағының, еркін қойманың және бажсыз сауданың кедендік рәсімдеріне орналастыруға жол берілмейді.

III. Лицензия беру

10. Лицензияны ресімдеу үшін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар (бұдан әрі – өтініш берушілер) аумағында өтініш беруші тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензиялар және рұқсаттар беру Қағидаларының (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық туралы шартқа № 7 қосымша) (бұдан әрі – Қағидалар) 10-тармағының 1 - 5-тармақшаларында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

11. Өтініш беруші ұсынатын құжаттардың көшірмелері Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіппен куәландырылуға тиіс.

12. Егер мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес лицензия беру туралы шешімді осы мүше мемлекеттің басқа мемлекеттік билік органымен (бұдан әрі – келісуші орган) келісу бойынша уәкілетті орган қабылдайтын жағдайда, онда мұндай келісу осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Өтініш беруші, егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, келісуші органға осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Келісу қорытындыны (рұқсат беру құжатын) беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

13. Уәкілетті орган адам органдарының экспортына және (немесе) импортына арналған лицензияларды – өтініш беруші құжаттарды берген күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде, адам тіндерінің, қан мен оның компоненттерінің экспортына және (немесе) импортына арналған лицензияларды өтініш беруші құжаттарды берген күннен бастап 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде береді.

14. Қағидалардың 14-тармағының 1 – 4) тармақшаларында көзделген негіздер болған кезде, сондай-ақ Қағидалардың 14-тармағының 6-тармақшасына сәйкес – келісуші орган лицензия беруге арналған өтінішті келісуден бас тартқан жағдайда, лицензия беруден бас тартылады.

IV. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру

15. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруді мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген мемлекеттік билік органы (бұдан әрі – мүше мемлекеттің қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруге уәкілеттік берілген орган) осы мемлекеттің заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

16. Қорытынды (рұқсат беру құжаты) мүше мемлекеттің қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруге уәкілеттік берілген органына мынадай құжаттар мен мәліметтерді:

а) өтініш беруші:

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне берілетін қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысанын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқамаларға сәйкес ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасын;

Қағидалардың 10-тармағының 5-тармақшасында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді;

шарттың (келісімшарттың) көшірмесін, ал шарт (келісімшарт) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын өзге де құжаттың көшірмесін;

зерттеулер сапасына сыртқы бақылау жүргізу үшін, оның ішінде референс-зерттеулер жүргізу үшін осындай үлгілерді алып өту жағдайларын қоспағанда, адамның биологиялық материалдарының үлгілерін алып өтуге пациенттің немесе оның заңды өкілдерінің хабардар етілген келісімін;

мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де құжаттарды;

б) жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде адамның биологиялық материалдарының үлгілерін алып өту кезінде жеке тұлға:

осы тармақтың "а" тармақшасының екінші абзацында көрсетілген әдістемелік нұсқамаларға сәйкес ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасын;

егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін немесе жеке басын куәландыратын құжаттардан мәліметтерді (сериясы, нөмірі, қашан және кім берді, жеке нөмірі (ол болған кезде), тұрғылықты жерінің мекенжайы);

адамның биологиялық материалдарының үлгілерін алып өтуге пациенттің немесе оның заңды өкілдерінің хабардар етілген келісімін ұсынған кезде беріледі.

17. Қорытындыны (рұқсат беру құжатын) беруден мынадай негіздер болған кезде:

а) осы Ереженің 16-тармағында көзделген құжаттар ұсынылмаса;

б) қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу үшін ұсынылған құжаттарда толық емес немесе дұрыс емес мәліметтер болса;

в) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де негіздер болған кезде бас тартылады.

18. Бірыңғай тізбенің 2.21-бөліміне енгізілген туыстас емес транспланттау жүргізу мақсатында гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін және донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды әкелуге және (немесе) әкетуге берілетін қорытынды (рұқсат беру құжаты) Одақтың кедендік шекарасы арқылы алып өтілетін санына қарамастан, 1 жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

19. Өтініш берушілер мүше мемлекеттің қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруге уәкілеттік берілген органын бірыңғай тізбенің 2.21-бөліміне енгізілген туыстас емес транспланттау жүргізу мақсатында гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін және донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды әкелудің және (немесе) әкетудің жүзеге асырылғаны туралы алып өту жүзеге асырылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

20. Диагностикалық және ғылыми мақсаттар үшін адамның биологиялық материалдарының үлгілерін алып өтуге берілетін қорытынды (рұқсат беру құжаты) Одақтың кедендік шекарасы арқылы алып өтілетін санына қарамастан, 1 жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

Минералдық шикізатты Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада көзделген (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық туралы шартқа № 7 қосымша) Үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесінің 2.11-бөліміне енгізілген минералдық шикізатты (бұдан әрі – минералдық шикізат) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету (бұдан әрі тиісінше –Одақ, әкету) тәртібін айқындайды.

Минералдық шикізатқа Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешімімен бекітілген Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесінің 2.4-бөліміне енгізілген минералогия бойынша коллекциялар мен коллекциялау заттары жатпайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық туралы шартқа № 7 қосымша) және Одақтың құқығына кіретін халықаралық шарттарда айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Минералдық шикізатты әкету осы Ереженің 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешімімен бекітілген Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия беруге арналған өтінішті ресімдеу туралы және осындай лицензияны ресімдеу туралы нұсқаулыққа сәйкес ресімделген лицензия (бұдан әрі – лицензия) немесе Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалған қорытынды (рұқсат беру құжаты) (бұдан әрі – қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

4. Жеке тұлғалардың минералдық шикізатты жеке пайдалануға арналған тауар ретінде әкетуіне тыйым салынады.

II. Кедендік рәсімдерге орналастыру

5. Минералдық шикізатты экспорттың кедендік рәсіміне орналастыру Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) кеден органына лицензия ұсынған кезде жүзеге асырылады.

6. Минералдық шикізатты кедендік аумақтан тыс жерде қайта өңдеудің кедендік рәсіміне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына қорытындыны (рұқсат беру құжатын) ұсынған кезде жүзеге асырылады.

7. Минералдық шикізатты ішкі кеден органынан Одақтың кеден органынан кету орнындағы кеден органына дейін кедендік транзиттің және кері экспорттың кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына лицензия немесе қорытынды (рұқсат беру құжатын) ұсынбай жүзеге асырылады.

8. Минералдық шикізатты уақытша әкетудің және бажсыз сауданың кедендік рәсімдеріне орналастыруға жол берілмейді.

III. Лицензия беру

9. Лицензияны ресімдеу үшін дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар (бұдан әрі – өтініш берушілер) аумағында өтініш беруші тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензиялар және рұқсаттар беру Қағидаларының (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық туралы шартқа № 7 қосымша) (бұдан әрі – Қағидалар) 10-тармағының 1 – 5-тармақшаларында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ Қағидалардың 10-тармағының 6-тармақшасына сәйкес мынадай құжаттарды:

минералдық шикізатты өндіру заңдылығын куәландыратын, мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін;

минералдық шикізатты иелену заңдылығын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Үшінші елдерден әкелінген минералдық шикізатты экспорттау кезінде өтініш беруші минералдық шикізатты айналысқа шығару жүзеге асырылған тауарларға арналған декларацияның көшірмесін немесе мүше мемлекет сотының Одақтың кедендік аумағында осы минералдық шикізаттың болу заңдылығын растайтын шешімін минералдық шикізатты өндіру және минералдық шикізатты иелену заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынады.

Минералдық шикізатты аумағында осы минералдық шикізат өндірілген мемлекет болып табылмайтын мүше мемлекеттің аумағынан экспорттау кезінде өтініш беруші мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес аумағында осы минералдық шикізат өндірілген мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген мемлекеттік билік органы (бұдан әрі – мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру

құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы) берген қорытындыны (рұқсат беру құжатын) минералдық шикізатты өндіру заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынады.

10. Өтініш беруші ұсынатын құжаттардың көшірмелері Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіппен куәландырылуға тиіс.

11. Егер мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес лицензия беру туралы шешімді осы мүше мемлекеттің басқа мемлекеттік билік органымен (бұдан әрі – келісуші орган) келісу бойынша уәкілетті орган қабылдайтын жағдайда, онда мұндай келісу осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Өтініш беруші, егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, келісуші органға осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады. Бұл ретте уәкілетті органға осы Ереженің 9-тармағының екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген құжаттар (осы Ереженің 9-тармағының төртінші және бесінші абзацтары ескеріле отырып) ұсынылмайды.

Келісу қорытындыны (рұқсат беру құжатын) беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін

12. Қағидалардың 14-тармағының 1 – 4-тармақшаларында көзделген негіздер болған кезде, сондай-ақ Қағидалардың 14-тармағының 6-тармақшасына сәйкес – келісуші орган лицензия беруге арналған өтінішті келісуден бас тартқан жағдайда, лицензия беруден бас тартылады.

IV. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру

13. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруді мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы осы мемлекеттің заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

14. Қорытынды (рұқсат беру құжаты) өтініш беруші мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органына мынадай құжаттарды:

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне берілетін қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысанын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасын;

шарттың (келісімшарттың) көшірмесін, ал шарт (келісімшарт) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын өзге де құжаттың көшірмесін;

минералдық шикізатты өндіру заңдылығын куәландыратын, мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін;

минералдық шикізатты иелену заңдылығын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін ұсынған кезде беріледі.

Минералдық шикізатты аумағында осы минералдық шикізат өндірілген мемлекет болып табылмайтын мүше мемлекеттің аумағынан әкету кезінде өтініш беруші аумағында осы минералдық шикізат өндірілген мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы берген қорытындыны (рұқсат беру құжатын) минералдық шикізатты өндіру заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынады.

15. Осы Ереженің 9-тармағының бесінші абзацында көзделген қорытындыны (рұқсат беру құжатын) алу үшін өтініш беруші аумағында минералдық шикізат өндірілген мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органына мынадай құжаттарды:

а) осы Ереженің 14-тармағының екінші абзацында көзделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасын;

б) аумағында осы минералдық шикізат өндірілген сол мүше мемлекеттің сыртқы сауда қызметіне қатысушы тараптардың бірі болып табылатын сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында минералдық шикізатты сатып алу-сату шартының (келісімшарттың) көшірмесін ұсынады.

16. Қорытындыны (рұқсат беру құжатын) беруден мынадай негіздер болған кезде:

а) өтініш беруші тиісінше осы Ереженің 14 және 15-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынбаса;

б) қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттарда толық емес немесе анық емес мәліметтер болса;

в) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де негіздер болған кезде бас тартылады.

Еуразиялық Экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 30 шешіміне
№ 5 ҚОСЫМША

Жабайы тірі жануарларды, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктерді және жабайы өсетін дәрілік шикізатты Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада көзделген (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық туралы шартқа № 7 қосымша) Үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу

шаралары қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесінің 2.6-бөліміне түрлері енгізілген тірі жануарларды, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктерді және жабайы өсетін дәрілік шикізатты (бұдан әрі – жабайы тірі жануарлар және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктер) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету (бұдан әрі тиісінше – Одақ, әкету) тәртібін айқындайды.

Егер бірыңғай тізбеде көрсетілген 2.6-бөлімге енгізілген жабайы тірі жануарлардың және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктердің түрі осы бірыңғай тізбенің 2.7-бөліміне де енгізілген жағдайда, тиісті жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді әкету 1973 жылғы 3 наурыздағы Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияда көзделген тәртіпке сәйкес лицензия ресімделмей жүзеге асырылады.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық туралы шартқа № 7 қосымша) және Одақтың құқығына кіретін халықаралық шарттарда айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді әкету осы Ереженің 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешімімен бекітілген Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия беруге арналған өтінішті ресімдеу туралы және осындай лицензияны ресімдеу туралы нұсқаулыққа сәйкес ресімделген лицензия (бұдан әрі – лицензия) немесе Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалған қорытынды (рұқсат беру құжаты) (бұдан әрі – қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

Ғылыми мекемелердің жабайы тірі жануарлардың және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктердің үлгілерін ғылыми зерттеулер үшін әкетуі, сондай-ақ хайуанаттар бақтарының, питомниктердің және ботаникалық саябақтардың жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді айырбастау, сыйға тарту және гендік қорды толықтыру мақсатында әкетуі осы Ереженің 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

4. Жеке тұлғалардың жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкетуі қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалардың бір түрі 3 данадан аспайтын жабайы тірі жануарлардың және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктердің жеке-дара үлгілерін, сондай-ақ салмағы 1 кг-дан аспайтын қабықтағы самырсын жаңғақтарын, салмағы 0,5 кг-дан аспайтын қабықсыз самырсын жаңғақтарын жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкетуі кезінде қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу талап етілмейді.

Жеке тұлғалардың бұрын Одақтың кедендік аумағына әкелінген жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкетуі Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) кеден органына Одақтың кедендік аумағына жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді әкелу кезінде ресімделген, олардың сәйкестендіру белгілерін (атауын, түрін, сондай-ақ жынысы мен жасын – жануарларға қатысты (осындай мәліметтер болған кезде) қамтитын кедендік жолаушы декларациясын ұсынған кезде жүзеге асырылады.

Көрсетілген кедендік жолаушы декларациясы болмаған жағдайда жеке тұлғалардың жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкетуі мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген мемлекеттік билік органы (бұдан әрі – мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы) берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) не осы органның тиісті жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжаты) талап етілмейтіні туралы жазбаша хабарламасы болған кезде жүзеге асырылады.

II. Кедендік рәсімдерге орналастыру

5. Жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді экспорттың кедендік рәсіміне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына лицензия ұсынған кезде, ал осы Ереженің 3-тармағының екінші абзацында көзделген жағдайларда – мүше мемлекеттің кеден органына қорытынды (рұқсат беру құжатын) ұсынған кезде жүзеге асырылады.

6. Жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді уақытша әкетудің және кедендік аумақтан тыс жерде қайта өңдеудің кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына қорытынды (рұқсат беру құжатын) ұсынған кезде жүзеге асырылады.

7. Жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді кері экспорттың және кедендік транзиттің кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына лицензия немесе қорытынды (рұқсат беру құжатын) ұсынбай жүзеге асырылады.

8. Жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді бажсыз сауданың кедендік рәсіміне орналастыруға жол берілмейді.

III. Лицензия беру

9. Лицензияны ресімдеу үшін дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар (бұдан әрі – өтініш берушілер) аумағында өтініш беруші тіркелген

мүше мемлекеттің уәкілетті органына Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензиялар мен рұқсаттар беру Қағидаларының (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық туралы шартқа № 7 қосымша) (бұдан әрі – Қағидалар) 10-тармағының 1 – 5-тармақшаларында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

Қағидалардың 10-тармағының 6) тармақшасына сәйкес өтініш беруші жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын құжаттарды да ұсынады.

Жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді аумағында осы жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған мемлекет болып табылмайтын мүше мемлекеттің аумағынан әкету кезінде өтініш беруші аумағында осы жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы берген қорытындыны (рұқсат беру құжатын) жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынады.

Үшінші елдерден әкелінген жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді экспорттау кезінде жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді айналысқа шығару жүзеге асырылған тауарларға арналған декларацияның көшірмесі немесе мүше мемлекет сотының осы жабайы тірі жануарлардың және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктердің Одақтың кедендік аумағында болу заңдылығын растайтын шешімі жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынылады.

10. Өтініш беруші ұсынатын құжаттардың көшірмелері Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіппен куәландырылуға тиіс.

11. Егер мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес лицензия беру туралы шешімді басқа мемлекеттік билік органымен (бұдан әрі – келісуші орган) келісу бойынша уәкілетті орган қабылдайтын жағдайда, онда мұндай келісу осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Өтініш беруші, егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, келісуші органға осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады. Бұл ретте уәкілетті органға осы Ереженің 9-тармағының екінші, үшінші және төртінші абзацтарында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.

Келісу қорытындыны (рұқсат беру құжатын) беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін

12. Қағидалардың 14-тармағының 1 – 4-тармақшаларында көзделген негіздер болған кезде, сондай-ақ Қағидалардың 14-тармағының 6-тармақшасына сәйкес –

келісуші орган лицензия беруге арналған өтінішті келісуден бас тартқан жағдайда, лицензия беруден бас тартылады.

IV. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру

13. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруді мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы осы мемлекеттің заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

14. Қорытынды (рұқсат беру құжаты) мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органына мынадай құжаттар мен мәліметтерді:

а) өтініш беруші:

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне берілетін қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысанын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасын;

шарттың (келісімшарттың) көшірмесін, ал шарт (келісімшарт) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын өзге де құжаттың көшірмесін;

салық органында есепке қою туралы құжаттың көшірмесін;

жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын, осы Ереженің 10-тармағына сәйкес расталған құжаттардың көшірмелерін ұсынған кезде беріледі. Жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді аумағында осы жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған мемлекет болып табылмайтын мүше мемлекеттің аумағынан әкету кезінде өтініш беруші аумағында жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы берген қорытындыны (рұқсат беру құжатын) жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынады.

Үшінші елдерден әкелінген жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді әкету кезінде жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді айналысқа шығару жүзеге асырылған тауарларға арналған декларацияның көшірмесі немесе мүше мемлекет сотының осы жабайы тірі жануарлардың және (

немесе) жабайы өсетін өсімдіктердің Одақтың кедендік аумағында болу заңдылығын растайтын шешімі жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынылады;

мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген өзге де құжаттарды;

б) жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкету кезінде жеке тұлға:

осы тармақтың "а" тармақшасының екінші абзацында көрсетілген әдістемелік нұсқамаларға сәйкес ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасын;

егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін немесе жеке басын куәландыратын құжаттардан мәліметтерді (сериясы, нөмірі, кашан және кім берді, жеке нөмірі (ол болған кезде), тұрғылықты жерінің мекенжайы);

жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын, осы Ереженің 10-тармағына сәйкес расталған құжаттардың көшірмелерін ұсынған кезде беріледі. Жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді аумағында осы жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған, мемлекет болып табылмайтын мүше мемлекеттің аумағынан әкету кезінде жеке тұлға аумағында осы жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы берген қорытындыны (рұқсат беру құжатын) жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынады;

мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген өзге де құжаттарды ұсынған кезде беріледі.

15. Осы Ереженің 9-тармағының үшінші абзацында көзделген қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу үшін аумағында жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органына мынадай құжаттар:

а) осы Ереженің 14-тармағы "а" тармақшасының екінші абзацында көрсетілген әдістемелік нұсқамаларға сәйкес ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасы;

б) аумағында осы жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған сол мүше мемлекеттің сыртқы сауда қызметіне қатысушы тараптардың бірі болып табылатын

сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді сатып алу-сату шартының (келісімшарттың) көшірмесі ұсынылады.

16. Қорытындыны (рұқсат беру құжатын) беруден мынадай негіздер болған кезде:

а) тиісінше осы Ереженің 14 және 15-тармақтарында көзделген құжаттар ұсынылмаса;

б) қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу үшін ұсынылған құжаттарда толық емес немесе анық емес мәліметтер болса;

в) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де негіздер болған кезде бас тартылады.

Еуразиялық Экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 30 шешіміне
№ 6 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қызыл кітаптарына енгізілген жабайы тірі жануарлардың және жабайы өсетін өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада көзделген (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық туралы шартқа № 7 қосымша) Үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесінің 2.8-бөліміне және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) қызыл кітаптарына енгізілген жабайы тірі жануарлардың және жабайы өсетін өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін (бұдан әрі – сирек кездесетін жабайы тірі жануарлар және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктер) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету (бұдан әрі тиісінше – Одақ, әкету) тәртібін айқындайды.

Егер бірыңғай тізбеде көрсетілген 2.8-бөлімге енгізілген сирек кездесетін жабайы тірі жануарлардың және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктердің түрі осы бірыңғай тізбенің 2.7-бөліміне де енгізілген жағдайда, тиісті сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді әкету 1973 жылғы 3 наурыздағы Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияда көзделген тәртіпке сәйкес лицензия ресімделмей жүзеге асырылады.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық

экономикалық туралы шартқа № 7 қосымша) және Одақтың құқығына кіретін халықаралық шарттарда айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді әкету осы Ереженің 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешімімен бекітілген Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензия беруге арналған өтінішті ресімдеу туралы және осындай лицензияны ресімдеу туралы нұсқаулыққа сәйкес ресімделген лицензия (бұдан әрі – лицензия) немесе Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалған қорытынды (рұқсат беру құжаты) (бұдан әрі – қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

4. Жеке тұлғалардың сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкетуі қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалардың бұрын Одақтың кедендік аумағына әкелінген, сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкетуі мүше мемлекеттің кеден органына Одақтың кедендік аумағына сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді әкелу кезінде ресімделген, олардың сәйкестендіру белгілерін (атауын, түрін, сондай-ақ жынысы мен жасын – жануарларға қатысты (осындай мәліметтер болған кезде) қамтитын кедендік жолаушы декларациясын ұсынған кезде жүзеге асырылады.

Көрсетілген кедендік жолаушы декларациясы болмаған жағдайда жеке тұлғалардың сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкетуі мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген мемлекеттік билік органы (бұдан әрі – мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы) берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) не осы органның тиісті сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжаты) талап етілмейтіні туралы жазбаша хабарламасы болған кезде жүзеге асырылады.

II. Кедендік рәсімдерге орналастыру

5. Сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді экспорттың кедендік рәсіміне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына лицензия ұсынған кезде жүзеге асырылады.

6. Сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді уақытша әкетудің және кедендік аумақтан тыс жерде қайта өңдеудің

кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына қорытынды (рұқсат беру құжатын) ұсынған кезде жүзеге асырылады.

7. Сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді кері экспорттың және кедендік транзиттің кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына лицензия немесе қорытынды (рұқсат беру құжатын) ұсынбай жүзеге асырылады.

8. Сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді бажсыз сауданың кедендік рәсіміне орналастыруға жол берілмейді.

III. Лицензия беру

9. Лицензияны ресімдеу үшін дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар (бұдан әрі – өтініш берушілер) аумағында өтініш беруші тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензиялар мен рұқсаттар беру Қағидаларының (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық туралы шартқа № 7 қосымша) (бұдан әрі – Қағидалар) 10-тармағының 1 – 5-тармақшаларында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

Қағидалардың 10-тармағының 6) тармақшасына сәйкес өтініш беруші сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын құжаттарды ұсынады.

Сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді аумағында осы сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған, мемлекет болып табылмайтын мүше мемлекеттің аумағынан әкету кезінде өтініш беруші аумағында осы сирек кездесетін жабайы тірі жануарлар және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктер дайындалған, жиналған, ауланған немесе ұстап алынған мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы берген қорытындыны (рұқсат беру құжатын) сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынады.

Үшінші елдерден әкелінген сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді экспорттау кезінде сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді айналысқа шығару жүзеге асырылған тауарларға арналған декларацияның көшірмесі немесе мүше мемлекет сотының осы сирек кездесетін жабайы тірі жануарлардың және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктердің Одақтың кедендік аумағында болу заңдылығын растайтын шешімі сирек

кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынылады.

10. Өтініш беруші ұсынатын құжаттардың көшірмелері Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіппен куәландырылуға тиіс.

11. Егер мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес лицензия беру туралы шешімді осы мүше мемлекеттің басқа мемлекеттік билік органымен (бұдан әрі – келісуші орган) келісу бойынша уәкілетті орган қабылдайтын жағдайда, онда мұндай келісу осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Өтініш беруші, егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, келісуші органға осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады. Бұл ретте уәкілетті органға осы Ереженің 9-тармағының екінші, үшінші және төртінші абзацтарында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.

Келісу қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

12. Қағидалардың 14-тармағының 1 – 4-тармақшаларында көзделген негіздер болған кезде, сондай-ақ Қағидалардың 14-тармағының 6) тармақшасына сәйкес – келісуші орган лицензия беруге арналған өтінішті келісуден бас тартқан жағдайда, лицензия беруден бас тартылады.

IV. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру

13. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруді мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы осы мемлекеттің заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

14. Қорытынды (рұқсат беру құжаты) мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органына мынадай құжаттар мен мәліметтерді:

а) өтініш беруші:

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне берілетін қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысанын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасын;

шарттың (келісімшарттың) көшірмесін, ал шарт (келісімшарт) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын өзге де құжаттың көшірмесін;

салық органында есепке қою туралы құжаттың көшірмесін;

сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын, осы Ереженің 10-тармағына сәйкес расталған құжаттардың көшірмелерін ұсынған кезде беріледі. Сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді аумағында осы сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған, мемлекет болып табылмайтын мүше мемлекеттің аумағынан әкету кезінде өтініш беруші аумағында осы сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы берген қорытындыны (рұқсат беру құжатын) сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынады.

Үшінші елдерден әкелінген сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді әкету кезінде сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді айналысқа шығару жүзеге асырылған тауарларға арналған декларацияның көшірмесі немесе мүше мемлекет сотының осы сирек кездесетін жабайы тірі жануарлардың және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктердің Одақтың кедендік аумағында болу заңдылығын растайтын шешімі сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынылады;

мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген өзге де құжаттарды;

б) сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкету кезінде жеке тұлға:

осы тармақтың "а" тармақшасының екінші абзацында көрсетілген әдістемелік нұсқамаларға сәйкес ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасын;

егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін немесе жеке басын куәландыратын құжаттардан мәліметтерді (сериясы, нөмірі, қашан және кім берді, жеке нөмірі (ол болған кезде), тұрғылықты жерінің мекенжайы);

сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын, осы Ереженің 10-тармағына сәйкес расталған құжаттардың көшірмелерін ұсынған кезде беріледі. Сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді аумағында осы сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған, мемлекет болып табылмайтын мүше мемлекеттің аумағынан

әкету кезінде жеке тұлға аумағында көрсетілген сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органы берген қорытындыны (рұқсат беру құжатын) сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау және (немесе) иелену заңдылығын куәландыратын құжаттар ретінде ұсынады;

мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген өзге де құжаттарды ұсынған кезде беріледі.

15. Осы Ереженің 9-тармағының үшінші абзацында көзделген қорытындыны (рұқсат беру құжатын) алу үшін аумағында сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілеттік берілген органына мынадай құжаттар мен мәліметтер:

а) осы Ереженің 14-тармағы "а" тармақшасының екінші абзацында көрсетілген әдістемелік нұсқауларға сәйкес толтырылған және ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасы;

б) аумағында осы сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау, жинау, аулау немесе ұстау жүзеге асырылған сол мүше мемлекеттің сыртқы сауда қызметіне қатысушы тараптардың бірі болып табылатын сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді сатып алу-сату шартының (келісімшарттың) көшірмесі ұсынылады.

16. Қорытындыны (рұқсат беру құжатын) беруден мынадай негіздер болған кезде:

а) тиісінше осы Ереженің 14 және 15-тармақтарында көзделген құжаттар ұсынылмаса;

б) қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу үшін ұсынылған құжаттарда толық емес немесе анық емес мәліметтер болса;

в) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де негіздер болған кезде бас тартылады.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 30 шешіміне
№ 7 ҚОСЫМША

**Қауіпті қалдықтарды Еуразиялық экономикалық одақтың
кедендік аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік аумағынан әкету туралы Е Р Е Ж Е**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша) көзделген, үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің (бұдан әрі - бірыңғай тізбе) 2.3-бөліміне енгізілген қауіпті қалдықтарды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу (бұдан әрі тиісінше – Одақ, әкелу) және бірыңғай тізбенің 1.2 және 2.3-бөлімдеріне енгізілген қауіпті қалдықтарды Одақтың кедендік аумағынан әкету (бұдан әрі тиісінше – қауіпті қалдықтар, әкету) тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереженің мақсаттары үшін 1989 жылғы 22 наурыздағы Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына (бұдан әрі - Базель конвенциясы) сәйкес Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) қауіпті қалдықтарды әкелу, әкету және олардың транзиті туралы хабарламаны, сондай-ақ осындай әкелумен, әкетумен және олардың транзитіне байланысты кез келген ақпаратты жіберуге және алуға жауапты мемлекеттік органы құзыретті орган деп түсініледі.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Базель конвенциясында, Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша) және Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарда айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Мыналарды:

а) жеке тұлғалардың қауіпті қалдықтарды жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкелуді және (немесе әкетуді);

б) бірыңғай тізбенің 1.2-бөліміне енгізілген қауіпті қалдықтарды әкелуді;

в) мүше мемлекет пен Базель конвенциясының тарапы болып табылмайтын мемлекет қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы халықаралық шарт жасасқан жағдайды қоспағанда (Базель конвенциясының тарапы болып табылатын мемлекеттер туралы, сондай-ақ жасалған халықаралық шарттар туралы ақпарат "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі <http://www.basel.int> сілтемесі бойынша

Базель конвенциясының ресми сайтында орналастырылған), бірыңғай тізбенің 1.2 және 2.3-бөлімдеріне енгізілген қауіпті қалдықтарды Базель конвенциясының тарапы болып табылмайтын мемлекеттің аумағына әкелуді, сондай-ақ бірыңғай тізбенің 2.3-бөліміне енгізілген қауіпті қалдықтарды Базель конвенциясының тарапы болып табылмайтын мемлекеттің аумағынан әкетуді жүзеге асыруға тыйым салынады. Мұндай жағдайда қауіпті қалдықтарды өткізу осы Ережеге және Базель конвенциясына сәйкес жүзеге асырылады;

г) бірыңғай тізбенің 2.3-бөліміне енгізілген қауіпті қалдықтарды көму және зарарсыздандыру мақсатында әкелуді жүзеге асыруға тыйым салынады.

4. Қауіпті қалдықтарды әкелу және (немесе) әкету осы Ереженің 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешімімен бекітілген Жекелеген тауарлар түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға лицензия беруге арналған өтінішті ресімдеу туралы және осындай лицензияны ресімдеу туралы нұсқаулыққа сәйкес ресімделген лицензия (бұдан әрі - лицензия) немесе Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген нысан бойынша толтырылған қорытынды (рұқсат беру құжаты) (бұдан әрі – қорытынды (рұқсат беру құжаты)) болған кезде жүзеге асырылады.

Лицензия немесе қорытынды (рұқсат беру құжаты) қауіпті қалдықтар Одақтың кедендік аумағына жеткізілген кезде мүше мемлекеттердің кеден органдарына ұсынылады.

II. Кедендік рәсімдерге орналастыру

5. Қауіпті қалдықтарды ішкі тұтыну мен экспорт үшін шығарудың кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына лицензияны ұсынған кезде жүзеге асырылады.

6. Қауіпті қалдықтарды ішкі тұтыну, кедендік аумақта өңдеу, кедендік аумақтан тысқары жерде өңдеу, кері импорт, кері экспорт үшін өңдеудің кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына қорытындыны (рұқсат беру құжатын) ұсынған кезде жүзеге асырылады.

7. Қауіпті қалдықтарды кедендік қойманың, Одақтың кедендік аумағына жеткізілу жеріндегі кеден органынан ішкі кеден органына дейін тасымалдауға, сондай-ақ ішкі кеден органынан Одақтың кедендік аумағынан әкетілу жеріндегі кеден органына дейін тасымалдау үшін кедендік транзиттің кедендік рәсімдеріне орналастыру қауіпті қалдықтарды өзге де кедендік рәсімдерге орналастыру үшін ұсынылған лицензия немесе қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

8. Қауіпті қалдықтарды Одақтың кедендік аумағына жеткізілу жеріндегі кеден органынан Одақтың кедендік аумағынан әкетілу жеріндегі кеден органына дейін тасымалдау үшін кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына осындай қауіпті қалдықтарды тасымалдау өз аумақтары арқылы жүзеге асырылатын барлық мүше мемлекеттердің осы мүше мемлекеттер заңнамасына сәйкес қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілетті мемлекеттік билік органдары (бұдан әрі – мүше мемлекеттердің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілетті органдары) берген қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) ұсынылған кезде жүзеге асырылады.

9. Қауіпті қалдықтарды уақытша әкелудің (енгізудің), уақытша әкетудің, бажсыз сауданың, жоюдың, мемлекет пайдасына бас тартудың, еркін кедендік аймақтың, еркін қойманың кедендік рәсімдеріне орналастыруға жол берілмейді.

III. Лицензия беру

10. Лицензияны ресімдеу үшін жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелген заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар (бұдан әрі – өтініш берушілер) аумағында өтініш беруші тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына Тауарларды экспорттауға және (немесе) импорттауға лицензиялар мен рұқсаттар беру Қағидаларының (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша қосымша) (бұдан әрі – Қағидалар) 10-тармағының 1 – 5-тармақшаларында көзделген құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ Қағидалардың 10-тармағының 6-тармақшасына сәйкес мынадай құжаттар мен мәліметтерді:

а) Базель конвенциясына сәйкес аумағына қауіпті қалдықтар әкелінетін және (немесе) аумағы арқылы қауіпті қалдықтар өткізілетін мемлекеттің құзыретті органының келісімін (жазбаша нысанда) (қауіпті қалдықтар әкетілген жағдайда);

б) қауіпті қалдықтарды экспорттаушы мен өндіруші немесе импорттаушы мен тұтынушы арасындағы шарттың (келісімшарттың) көшірмесін (егер өтініш беруші делдал ретінде болса);

в) қауіпті қалдықтарды тасымалдауға шарттың (шарттардың) (келісімшарттың (келісімшарттардың)) көшірмелерін;

г) экспорттаушы (импорттаушы) мен қауіпті қалдықтарды аулаққа шығаруға жауап беретін тұлға арасындағы шарттың (келісімшарттың) көшірмесін ұсынады, онда осы қауіпті қалдықтарды экологиялық тұрғыдан қауіпсіз пайдалану ескертіледі;

д) Базель конвенциясына сәйкес қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау туралы хабарламаны (3 данада);

е) Базель конвенциясына сәйкес қалдықтарды тасымалдау туралы құжатты (3 данада);

ж) қауіпті қалдықтарды пайдалану үшін техникалық (технологиялық) мүмкіндіктердің болуы туралы ақпаратты (қауіпті қалдықтарды шикізат ретінде пайдалану мүмкіндігін растайтын технологиялық регламенттен үзінді көшірмені немесе оларды өзге де қауіпті қалдықтардың немесе олардың қалдықтарының түзілуіне жол бермейтін пайдалануға қатыстыру мүмкіндігін растайтын өзге де құжатты) (қауіпті қалдықтар әкелінген жағдайда);

з) қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау кезінде сақтандыруды, кепілге қоюды немесе өзге де кепілдікті растайтын құжаттың көшірмесін (егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса);

и) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы мемлекеттің аумағында қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесін (егер осы қызмет түрін лицензиялау бұл мемлекеттің заңнамасында көзделген болса) ұсынады.

11. Өтініш беруші ұсынатын құжаттардың көшірмелері Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіппен расталуға тиіс.

12. Егер мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес лицензия беру туралы шешімді уәкілетті орган осы мүше мемлекеттің басқа да мемлекеттік билік органымен (бұдан әрі – келісуші орган) келісу бойынша қабылдайтын болса, онда мұндай келісу осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, өтініш беруші келісуші органға осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады. Бұл ретте уәкілетті органға осы Ереженің

10-тармағының "а" – "и" тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.

Келісу қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

13. Қағидалардың 14-тармағының 1 – 4-тармақшаларында көзделген негіздер болған кезде, сондай-ақ келісуші орган лицензия беруге арналған өтінішке келісім беруден бас тартқан жағдайда – Қағидалардың

14-тармағының 6-тармақшасына сәйкес лицензия беруден бас тартылады.

IV. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру

14. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруді мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілетті органы осы мемлекеттің заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

15. Қорытынды (рұқсат беру құжаты) мүше мемлекеттің қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілетті органына өтініш беруші мынадай құжаттар мен мәліметтерді:

а) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар мен шектеулер қолданылатын Тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысанын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасын;

б) шарттың (келісімшарттың) көшірмесін, ал шарт (келісімшарт) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжаттың көшірмесін;

в) Базель конвенциясына сәйкес аумағына қауіпті қалдықтар әкелінетін және (немесе) аумағы арқылы қауіпті қалдықтар өткізілетін мемлекеттің құзыретті органының келісімін (жазбаша нысанда) (қауіпті қалдықтар әкетілген жағдайда);

г) қауіпті қалдықтарды экспорттаушы мен өндіруші немесе импорттаушы мен тұтынушы арасындағы шарттың (келісімшарттың) көшірмесін (егер өтініш беруші делдал ретінде болса);

д) қауіпті қалдықтарды тасымалдауға шарттың (шарттардың) (келісімшарттың (келісімшарттардың)) көшірмелерін;

е) экспорттаушы (импорттаушы) мен қауіпті қалдықтарды аулаққа шығаруға жауап беретін тұлға арасындағы шарттың (келісімшарттың) көшірмесін ұсынған кезде беріледі, онда осы қауіпті қалдықтарды экологиялық тұрғыдан қауіпсіз пайдалану ескертіледі;

ж) Базель конвенциясына сәйкес қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау туралы хабарламаны (3 данада);

з) Базель конвенциясына сәйкес қалдықтарды тасымалдау туралы құжатты (3 данада);

и) қауіпті қалдықтарды пайдалану үшін техникалық (технологиялық) мүмкіндіктердің болуы туралы ақпаратты (қауіпті қалдықтарды шикізат ретінде пайдалану мүмкіндігін растайтын технологиялық регламенттен үзінді көшірмені немесе оларды өзге де қауіпті қалдықтардың немесе олардың қалдықтарының түзілуіне жол бермейтін пайдалануға қатыстыру мүмкіндігін растайтын өзге де құжатты) (қауіпті қалдықтар әкелінген жағдайда);

к) қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау кезінде сақтандыруды, кепілге қоюды немесе өзге де кепілдікті растайтын құжаттың көшірмесін (егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса);

л) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы мемлекеттің аумағында қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесін (егер осы қызмет түрін лицензиялау бұл мемлекеттің заңнамасында көзделген болса);

м) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге құжаттарды ұсынған кезде беріледі.

16. Мынадай негіздер болған кезде:

а) осы Ереженің 15-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаған;

б) қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттарда толық емес немесе анық емес мәліметтер болған кезде;

в) мүше мемлекеттің заңнамасында және Базель конвенциясында көзделген өзге де негіздер болған кезде қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруден бас тартылады.

17. Базель конвенциясының 6-бабына сәйкес қауіпті қалдықтарды әкелу және (немесе) әкету туралы есептілікті өтініш берушілер өз мемлекетінің құзыретті органына осы мемлекеттің заңнамасында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде ұсынады.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 30 шешіміне
№ 8 ҚОСЫМША

Мәдени құндылықтарды, ұлттық архивтік қорлардың құжаттарын және архивтік құжаттардың түпнұсқаларын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету туралы Е Р Е Ж Е

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша) көзделген, үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.20-бөліміне енгізілген мәдени құндылықтарды, ұлттық архивтік қорлардың құжаттарын және архивтік құжаттардың түпнұсқаларын (бұдан әрі - мәдени құндылықтар) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету (бұдан әрі тиісінше – Одақ, әкету) тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереженің мақсаттары үшін пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"антикварлық қару" – 1899 жылдың соңына дейін жасалған атыс қаруы, лақтыратын қару және пневматикалық қару (орталық ұрыстың унитарлы патрондарымен ату үшін жасалған атыс қаруын қоспағанда), сондай-ақ 1945 жылдың соңына дейін жасалған суық қару;

"мәдени құндылығы бар, бірақ антикварлық қаруға жатқызылмаған қару" – 1900-1945 жылдары жасалған атыс қаруы және 50 жыл бұрын және одан да ертеде жасалған суық қару;

"келісуші орган" – Одаққа мүше мемлекеттің мәдени құндылықтарды әкетуді реттеуді жүзеге асыратын және осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес лицензияларды келісуге және қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге уәкілетті мемлекеттік билік органы.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша) және Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарда айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Мәдени құндылықтарды әкету мәдени құндылықтарды осы Ереженің 10-тармағына сәйкес әкету жағдайларын қоспағанда, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешімімен бекітілген Жекелеген тауарлар түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға лицензия беруге арналған өтінішті ресімдеу туралы және осындай лицензияны ресімдеу туралы нұсқаулыққа сәйкес ресімделген лицензия (бұдан әрі – лицензия) немесе Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген нысан бойынша толтырылған қорытынды (рұқсат беру құжаты) (бұдан әрі – қорытынды (рұқсат беру құжаты)) болған кезде жүзеге асырылады.

4. Жеке тұлғалардың мәдени құндылықтарды жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкетуі қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады.

5. Жеке тұлғалар мәдени құндылығы бар, бірақ антикварлық қаруға жатқызылмаған қаруды жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкеткен жағдайда, келісуші орган берген қорытындыға (рұқсат беру құжатына) қосымша Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) кеден органына мүше мемлекеттің қару айналымы саласындағы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік билік органы (бұдан әрі – қару айналымы саласындағы бақылауды жүзеге асыратын орган) Азаматтық және қызметтік қаруды, оның негізгі (құрамдас) бөліктерін және оның патрондарын Кеден одағының кедендік аумағына әкелу, Кеден одағының кедендік аумағынан әкету және олардың Кеден одағының кедендік аумағы арқылы транзит тәртібі туралы ережеге (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешімімен бекітілген Шектеулерді қолдану туралы ережелер) (бұдан әрі - Азаматтық және қызметтік қаруды әкелу мен әкету туралы ереже) сәйкес берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) ұсынылады.

6. Жеке тұлғалардың Одақтың кедендік аумағына бұрын уақытша әкелінген мәдени құндылықтарды жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкетуі мүше мемлекеттің кеден органына мәдени құндылықтарды әкелу кезінде ресімделген, көрсетілген мәдени құндылықтардың сәйкестендіру белгілерін (атауы, авторы, жасалған жылы, жасау материалы мен техникасы, мөлшерлері, шекті ысқышты музыкалық аспаптар үшін – музыкалық аспапқа паспорт (бар болса)) қамтитын жолаушы кедендік декларацияны ұсынған кезде жүзеге асырылады.

Мәдени құндылықтарды жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкелу кезінде ресімделген жолаушы кедендік декларация болмаған жағдайда жеке тұлғалардың мәдени құндылықтарды жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкетуі келісуші орган берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) не келісуші органның тиісті мәдени құндылықтарды әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжаты) талап етілмейтіндігі туралы жазбаша хабарламасы болған кезде жүзеге асырылады.

II. Кедендік рәсімдерге орналастыру

7. Мәдени құндылықтарды экспорттың кедендік рәсіміне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына лицензияны ұсынған кезде жүзеге асырылады.

8. Мәдени құндылықтарды уақытша әкетудің, сондай-ақ оларды жөндеу (реставрациялау) мақсатында кедендік аумақтан тысқары жерде өндеудің кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына қорытындыны (рұқсат беру құжатын) ұсынған кезде жүзеге асырылады.

9. Мәдени құндылығы бар, бірақ антикварлық қаруға жатқызылмаған қаруды уақытша әкетудің және кедендік аумақтан тысқары жерде өндеудің кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына келісуші орган берген

қорытындыны (рұқсат беру құжатын) және қару айналымы саласындағы бақылауды жүзеге асыратын орган Азаматтық және қызметтік қаруды әкелу мен әкету туралы ережеге сәйкес берген қорытындыны (рұқсат беру құжатын) ұсынған кезде жүзеге асырылады.

10. Мәдени құндылықтарды кері экспорттың және кедендік транзиттің кедендік рәсімдеріне орналастырған кезде мүше мемлекеттің кеден органына лицензияны немесе қорытындыны (рұқсат беру құжатын) ұсыну талап етілмейді.

11. Мәдени құндылықтарды еркін кедендік аймақтың, еркін қойманың және бажсыз сауданың кедендік рәсімдеріне орналастыруға жол берілмейді.

III. Лицензия беру

12. Лицензияны ресімдеу үшін жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелген заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар (бұдан әрі – өтініш берушілер) аумағында өтініш беруші тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына Тауарларды экспорттауға және (немесе) импорттауға лицензиялар мен рұқсаттар беру Қағидаларының (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша қосымша) (бұдан әрі – Қағидалар) 10-тармағының 1 – 5-тармақшаларында көзделген құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ Қағидалардың 10-тармағының 6-тармақшасына сәйкес мынадай құжаттар мен мәліметтерді:

а) әкетілетін мәдени құндылықтар тізімін (тізімдемесін) 2 данада;

б) мәдени құндылығы бар, бірақ антикварлық қаруға жатқызылмаған қаруды әкету жағдайында – қару айналымы саласындағы бақылауды жүзеге асыратын орган Азаматтық және қызметтік қаруды әкелу мен әкету туралы ережеге сәйкес берген қорытындыны (рұқсат беру құжатын);

в) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де құжаттарды ұсынады.

13. Өтініш беруші ұсынатын құжаттардың көшірмелері Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіппен расталуға тиіс.

14. Егер мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес лицензия беру туралы шешімді мүше мемлекеттің уәкілетті органы келісуші органмен келісу бойынша қабылдайтын болса, онда мұндай келісу осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, өтініш беруші келісуші органға осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады. Бұл ретте мүше мемлекеттің уәкілетті органына осы Ереженің 12-тармағының "а" - "в" тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.

Келісу қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

15. Қағидалардың 14-тармағының 1 – 4-тармақшаларында көзделген негіздер болған кезде, сондай-ақ келісуші орган лицензия беруге арналған өтінішке келісім беруден бас тартқан жағдайда – Қағидалардың 14-тармағының 6-тармақшасына сәйкес лицензия беруден бас тартылады.

IV. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру

16. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруді келісуші орган жүзеге асырады.

17. Қорытындыны (рұқсат беру құжатын) өтініш берушіге аумағында өтініш беруші тіркелген мемлекеттің келісуші органы береді, сондай-ақ ол мәдени құндылықтарды жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкетуді жүзеге асыратын жеке тұлғаға беріледі.

18. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету мерзімін келісуші орган айқындайды.

19. Қорытынды (рұқсат беру құжаты) келісуші органға не мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген ұйымға мынадай құжаттар мен мәліметтерді:

а) өтініш беруші:

өтінішті (егер ол мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса) немесе Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы

16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар мен шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысанын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқамаларға сәйкес ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасын;

мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де құжаттарды;

б) мәдени құндылықтарды жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде әкету кезінде жеке тұлға:

өтінішті (егер ол мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса) немесе осы тармақтың "а" тармақшасының екінші абзацында көрсетілген әдістемелік нұсқамаларға сәйкес толтырылған және ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасын;

егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін немесе жеке басын куәландыратын құжаттардан мәліметтерді (сериясы, нөмірі, қашан және кім берген, жеке нөмірі (бар болса), тұрғылықты жерінің мекенжайы);

мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де құжаттарды ұсынған кезде беріледі.

20. Мынадай негіздер:

а) осы Ереженің 19-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаған;

б) қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттарда толық емес немесе анық емес мәліметтер болған;

в) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де негіздер болған кезде қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруден бас тартылады.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 30 шешіміне
№ 9 ҚОСЫМША

Шифрлау (криптографиялық) құралдарын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша) көзделген, үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.19-бөліміне енгізілген шифрлау (криптографиялық) құралдарын және осындай құралдарды қамтитын тауарларды (бұдан әрі – шифрлау (криптографиялық) құралдары) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу (бұдан әрі тиісінше – Одақ, әкелу) және Одақтың кедендік аумағынан әкету (бұдан әрі – әкету) тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереженің мақсаттары үшін пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"нотификациялардың бірыңғай тізілімі" – № 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылатын және "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде Одақтың ресми сайтында жарияланатын Одаққа мүше мемлекеттердің келісуші органдары тіркеген нотификациялар туралы мәліметтер тізбесі;

"нотификация" – Одаққа мүше мемлекеттің келісуші органы № 2 қосымшаға сәйкес Шифрлау (криптографиялық) құралдарын және оларды қамтитын тауарларды нотификациялау туралы және олардың сипаттамалары туралы ережеде белгіленген тәртіппен тіркеген, № 4 қосымшаға сәйкес тізбеге сай шифрлау (криптографиялық) құралдары болып табылатын тауарлардың және оларды қамтитын тауарлардың техникалық және криптографиялық сипаттамалары туралы ақпаратты қамтитын, № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлар дайындаушыны (дайындаушы уәкілеттік берген өкілді) хабардар ету;

"келісуші орган" – Одаққа мүше мемлекеттің мемлекеттік (ұлттық) қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы, осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес лицензияларды

келісуге, қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беруге және нотификацияларды тіркеуге уәкілеттік берілген мемлекеттік билік органы.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша) және Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарда айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша) көзделген, үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.19-бөліміне енгізілген тауарлар өз құрамында мынадай құралдарды (жүйелер мен кешендерді) іске асырса немесе қамтыса, олардың шифрлау (криптография) функциялары болады:

а) шифрлау құралдары (ақпаратты криптографиялық түрлендіру алгоритмдерін іске асыратын және ақпаратты байланыс арналары арқылы беру кезінде және (немесе) оны өңдеу мен сақтау кезінде рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғауға арналған аппараттық, бағдарламалық және аппараттық-бағдарламалық құралдар, жүйелер мен кешендер);

б) имитациялық қорғау құралдары (ақпаратты криптографиялық түрлендіру алгоритмдерін іске асыратын және жалған ақпаратты күштеп таңудан қорғауға арналған аппараттық, бағдарламалық және аппараттық-бағдарламалық құралдар, жүйелер мен кешендер);

в) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) заңнамасына сәйкес айқындалатын электрондық цифрлық қолтаңба (электрондық қолтаңба) құралдары;

г) ақпаратты криптографиялық түрлендіру алгоритмдерін осындай түрлендірудің бір бөлігін қолмен жасалатын операциялар арқылы орындай отырып немесе осындай операциялардың негізінде автоматтандырылған құралдарды пайдалана отырып іске асыратын аппараттық, бағдарламалық және аппараттық-бағдарламалық құралдар, жүйелер мен кешендер;

д) ақпаратты криптографиялық түрлендіру алгоритмдерін іске асыратын және негізгі құжаттарды (негізгі құжатты тасығыштың түріне қарамастан) дайындауға арналған аппараттық, бағдарламалық және аппараттық-бағдарламалық құралдар, жүйелер мен кешендер;

е) криптографиялық талдау функцияларын орындау үшін әзірленген немесе түрлендірілген аппараттық, бағдарламалық және аппараттық-бағдарламалық құралдар, жүйелер мен кешендер;

ж) ақпаратты криптографиялық түрлендіру алгоритмдерін іске асыратын, жиіліктің секірмелі түрде қайта құрылуы бар жүйелер үшін кодтардың секірмелі түрде қайта құрылуын қоса алғанда, кеңейтілетін спектрі бар жүйелер үшін кеңейтілетін кодты

генерациялаудың криптографиялық әдістерін қолдану үшін әзірленген немесе түрлендірілген аппараттық, бағдарламалық және аппараттық-бағдарламалық құралдар, жүйелер мен кешендер;

з) ақпаратты криптографиялық түрлендіру алгоритмдерін іске асыратын, арналарды қалыптастырудың криптографиялық әдістерін немесе уақыт бойынша түрлендірілген аса кең жолақты жүйелерге арналған құпиялаушы кодтарды қолдану үшін әзірленген немесе түрлендірілген аппараттық, бағдарламалық және аппараттық-бағдарламалық құралдар, жүйелер мен кешендер.

4. Егер шифрлау (криптографиялық) құралдары өз құрамында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешімімен бекітілген Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің (бұдан әрі – Бірыңғай тізбе) 2.16-бөліміне енгізілген азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды қамтитын болса немесе егер шифрлау (криптографиялық) құралдары осындай радиоэлектрондық құралдардың және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылардың құрамына кіретін болса, онда мұндай тауарларды әкелу Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы

16 тамыздағы № 134 шешімімен бекітілген Шектеулерді қолдану туралы ережелерге (Азаматтық мақсаттағы, оның ішінде орнатылған не басқа тауарлардың құрамына кіретін радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды Кеден одағының кедендік аумағына әкелу тәртібі туралы ереже) сәйкес жүзеге асырылады.

Егер шифрлау (криптографиялық) құралдары өз құрамында ақпаратты жасырын түрде алуға арналған, Бірыңғай тізбенің 2.17-бөліміне енгізілген арнайы техникалық құралдарды қамтитын болса, тауар санатын келісуші орган айқындайды.

5. Шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелу және (немесе) әкету тиісті нотификацияны нотификациялардың бірыңғай тізіліміне енгізу туралы мәліметтер (бұдан әрі – нотификация туралы мәліметтер) болған кезде не Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы

6 қарашадағы № 199 шешімімен бекітілген Жекелеген тауарлар түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға лицензия беруге арналған өтінішті ресімдеу туралы және осындай лицензияны ресімдеу туралы нұсқаулыққа сәйкес ресімделген лицензия (бұдан әрі – лицензия) немесе Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы

16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген нысан бойынша толтырылған қорытынды (рұқсат беру құжаты) (бұдан әрі – қорытынды (рұқсат беру құжаты)) болған кезде жүзеге асырылады.

II. Кедендік рәсімдерге орналастыру

6. Шифрлау (криптографиялық) құралдарын ішкі тұтыну мен экспорт үшін шығарудың кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына лицензияны немесе нотификация туралы мәліметтерді ұсынған кезде жүзеге асырылады.

Шифрлау (криптографиялық) құралдарын ішкі тұтыну мен экспорт үшін шығарудың кедендік рәсімдеріне орналастыру оларды тарату құқығынсыз жеке мұқтаждарын қамтамасыз ету және үшінші тұлғаларға шифрлау (криптография) саласында қызметтер көрсету мақсатында мүше мемлекеттің кеден органына қорытындыны (рұқсат беру құжатын) немесе нотификация туралы мәліметтерді ұсынған кезде жүзеге асырылады.

Ұялы байланыс операторларының халықаралық алмасу мақсатында саны 20 данадан аспайтын тестілік сим-карталар үлгілерін ішкі тұтыну немесе экспорт үшін шығарудың кедендік рәсімдеріне орналастыруы кезінде лицензияны, қорытындыны (рұқсат беру құжатын) немесе нотификация туралы мәліметтерді ұсыну талап етілмейді.

7. Шифрлау (криптографиялық) құралдарын кедендік аумақта өңдеудің, кедендік аумақтан тысқары жерде өңдеудің, ішкі тұтыну үшін өңдеудің, уақытша әкелудің (жол берудің), уақытша әкетудің, еркін кедендік аймақтың және еркін қойманың кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына қорытындыны (рұқсат беру құжатын) немесе нотификация туралы мәліметтерді ұсынған кезде жүзеге асырылады.

Шифрлау (криптографиялық) құралдарын уақытша әкелудің (жол берудің) немесе уақытша әкетудің кедендік рәсімдерінің қолданысы аяқталған кезде кері экспорттың немесе кері импорттың кедендік рәсімдеріне орналастыру тиісінше осындай тауарлар уақытша әкелудің (жол берудің) немесе уақытша әкетудің кедендік рәсімдеріне соның негізінде орналастырылған қорытынды (рұқсат беру құжаты) немесе нотификация туралы мәліметтер болған кезде жүзеге асырылады. Өзге жағдайларда шифрлау (криптографиялық) құралдарын кері импорттың немесе кері экспорттың кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына қорытындыны (рұқсат беру құжатын) немесе нотификация туралы мәліметтерді ұсынған кезде жүзеге асырылады.

8. Шифрлау (криптографиялық) құралдарын Одақтың кедендік аумағына жеткізілу жеріндегі кеден органынан ішкі кеден органына дейін тасымалдау үшін, сондай-ақ ішкі кеден органынан Одақтың кедендік аумағынан әкетілу орнындағы кеден органына дейін тасымалдау үшін кедендік транзиттің кедендік рәсіміне, сондай-ақ кеден қоймасының және мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсімдеріне орналастыру

өзге де кедендік рәсімдерге орналастыру үшін ұсынылған лицензия немесе қорытынды (рұқсат беру құжаты) немесе нотификация туралы мәліметтер болған кезде жүзеге асырылады.

Шифрлау (криптографиялық) құралдарын Одақтың кедендік аумағына жеткізілу орнындағы кеден органынан Одақтың кедендік аумағынан әкетілу жеріндегі кеден органына дейін тасымалдау үшін кедендік транзиттің кедендік рәсіміне, сондай-ақ жоюдың кедендік рәсіміне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына лицензияны , қорытындыны (рұқсат беру құжатын) немесе нотификация туралы мәліметтерді ұсынбай-ақ жүзеге асырылады.

9. Шифрлау (криптографиялық) құралдарын бажсыз сауданың кедендік рәсіміне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына нотификация туралы мәліметтерді ұсынған кезде жүзеге асырылады.

III. Лицензия беру

10. Лицензияны ресімдеу үшін жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелген заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар (бұдан әрі – өтініш берушілер) аумағында өтініш беруші тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына Тауарларды экспорттауға және (немесе) импорттауға лицензиялар мен рұқсаттар беру Қағидаларының (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша қосымша) (бұдан әрі – Қағидалар) 10-тармағының 1 – 5-тармақшаларында көзделген құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ Қағидалардың 10-тармағының 6-тармақшасына сәйкес мынадай құжаттар мен мәліметтерді:

а) өтініш берушінің әкелінетін шифрлау (криптографиялық) құралдарының құрамында Бірыңғай тізбенің 2.16-бөліміне енгізілген азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың және (немесе) жоғары жиіліктегі құрылғылардың жоқтығы туралы хабарламасын немесе мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де құжатты;

б) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де құжаттарды ұсынады.

11. Өтініш беруші ұсынатын құжаттардың көшірмелері Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіппен расталуға тиіс.

12. Лицензия беру туралы шешімді мүше мемлекеттің уәкілетті органы келісуші органмен осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен келісу бойынша қабылдайды.

Егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, өтініш беруші келісуші органға осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады. Бұл ретте мүше мемлекеттің уәкілетті органына осы Ереженің 10-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.

Келісу қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

13. Қағидалардың 14-тармағының 1 – 4-тармақшаларында көзделген негіздер болған кезде, сондай-ақ келісуші орган лицензия беруге арналған өтінішке келісім беруден бас тартқан жағдайда – Қағидалардың 14-тармағының 6-тармақшасына сәйкес лицензия беруден бас тартылады.

IV. Қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру

14. Шифрлау (криптографиялық) құралдарын осы Ереженің 6 және 7-тармақтарында көзделген кедендік ресімдерге орналастыру мақсатында қорытынды (рұқсат беру құжаты) келісуші органға мынадай құжаттар:

а) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар мен шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысанын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқамаларға сәйкес ресімделген қорытындының (рұқсат беру құжатының) жобасы;

б) шифрлау (криптографиялық) құралына арналған техникалық құжаттама (бастапқы кодтарды ұсыну міндетті болып табылмайды, өтініш берушінің бастапқы кодтарды ұсынудан бас тартуы қорытындыны (рұқсат беру құжатын) беруден бас тартуға негіз болып табылмайды);

в) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де құжаттар ұсынылған кезде беріледі.

15. Мынадай негіздер болған кезде:

а) осы Ереженің 14-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаған;

б) қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттарда толық емес немесе анық емес мәліметтер болған кезде;

в) мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де негіздер болған кезде қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруден бас тартылады.

Шифрлау (криптографиялық)
құралдарын
Еуразиялық экономикалық одақтың
кедендік аумағына әкелу және
Еуразиялық
экономикалық одақтың кедендік
аумағынан
әкету туралы ережеге
№ 1 ҚОСЫМША
(нысан)

Шифрлау (криптографиялық) құралдарының және оларды қамтитын тауарлардың сипаттамалары туралы нотификациялардың БІРЫҢҒАЙ ТІЗІЛІМІ

Нотификацияның нөмірі	Тауардың атауы	Тауарды дайындаушы	Нотификацияны жариялау күні	Қолданылу мерзімі	Сәйкестендіргіш	Мәртебесі*	Күшін жою күні
1	2	3	4	5	6	7	8

* Бағанда мынадай жазба жасалады: "қолданыста" немесе "күші жойылды". 7-бағанға "күші жойылды" деген жазба енгізілген жағдайда, 8-бағанға бұл жазбаның осы тізілімге енгізілген күні көрсетіледі. Бұл ретте позиция түспен (сұр түстес) боялып көрсетіледі.

Шифрлау (криптографиялық)
құралдарын Еуразиялық
экономикалық одақтың кедендік
аумағына әкелу және Еуразиялық
экономикалық одақтың кедендік
аумағынан әкету туралы ережеге
№ 2 ҚОСЫМША

Шифрлау (криптографиялық) құралдарының және оларды қамтитын тауарлардың сипаттамалары туралы нотификация жөніндегі Е Р Е Ж Е

1. Осы Ереже:

а) шифрлау (криптографиялық) құралдарының және оларды қамтитын тауарлардың техникалық және криптографиялық сипаттамалары туралы нотификацияны (бұдан әрі - нотификация) толтыру мен ресімдеу;

б) нотификацияны Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес лицензияларды келісуге, қорытындыларды (рұқсат беру құжаттарын) беруге және нотификацияларды тіркеуге уәкілетті (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекет, келісуші орган), осы мемлекеттің мемлекеттік (ұлттық) қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік билік органына ұсыну;

в) келісуші органдардың тіркелген нотификациялар туралы ақпаратты қалыптастыру және Еуразиялық экономикалық комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) ұсыну;

г) шифрлау (криптографиялық) құралдарының және оларды қамтитын тауарлардың сипаттамалары туралы бірыңғай нотификациялар тізілімін (бұдан әрі – бірыңғай нотификациялар тізілімі) Одақтың "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайтында (бұдан әрі тиісінше – Интернет желісі, Одақтың ресми сайты) жариялау;

д) нотификацияның күшін жою тәртібін белгілейді.

2. Нотификация Шифрлау (криптографиялық) құралдарын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық

одақтың кедендік аумағынан әкету туралы ережеге (Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне № 9 қосымша) № 3 қосымшада көзделген нысан бойынша толтырылады.

Нотификация орыс тілінде толтырылады. Технологиялардың, хаттамалардың, криптографиялық алгоритмдердің және олардың жалпыға бірдей танылған аббревиатураларының атауларын, тауар дайындаушының деректемелерін латын әріптерімен жазуға жол беріледі.

3. Нотификацияны тауарды дайындаушы немесе тауарды дайындаушы уәкілеттік берген тұлға (бұдан әрі – өтініш берушілер) дайындаушының өз дәлелдемелерінің негізінде бір рет ресімдейді.

Өтініш беруші нотификацияның 1 – 9-тармақтарын толтырады.

4. Нотификацияда құрамында бір ғана криптографиялық алгоритмді іске асыратын, жұмыс істеуші криптографиялық кілттің ең жоғары жол берілетін ұзындығы бірдей болатын, бір ғана криптографиялық кілтті және бір ғана кіру реттілігін енгізу кезінде бір ғана шығу реттілігін қамтамасыз ететін функционалдық мүмкіндіктердің бірдей жиынтығына ие ұқсас шифрлау (криптографиялық) құралдары бар бір типті тауар не бір типтес тауарлар тобы (функционалды түрде аяқталған тауарлар) туралы ақпарат мәлімделуі мүмкін.

5. Нотификацияның 1-тармағында құрамында ұқсас шифрлау (криптографиялық) құралдары бар тауардың не бір типтес тауарлар тобының сауда, коммерциялық немесе өзгедей дәстүрлі атауы (нақты атаулары тізбеленіп), сондай-ақ тауар белгілері, маркалары, модельдері, артикулдары, стандарттары мен өзге де техникалық және коммерциялық сипаттамалары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағдарламалық қамтылым үшін нұсқасы көрсетіледі.

Тауардың атауына "және оның қосалқы бөлшектері" деген сөздерді қосуға да жол беріледі.

Бір типтес тауарлар тобындағы тауардың әрбір атауы жаңа жолдан көрсетіледі. Тауардың атауынан кейін ескертулерді (келтірілетін белгілеулер үшін) жаңа жолдан көрсетуге жол беріледі.

6. Нотификацияның 2-тармағында тауардың сипаттамасы мен мақсаты, сондай-ақ осындай тауарда пайдаланылатын шифрлау (криптографиялық) функцияларының мақсаты көрсетіледі.

7. Нотификацияның 3-тармағында тауарды дайындаушы заңды тұлғаның атауы мен мекенжайы, оның бас офісі орналасқан жер, телефон мен факс нөмірлері, электрондық поштасының және Интернет желісіндегі ресми сайтының (бар болса) мекенжайлары көрсетіледі.

8. Нотификацияның 4-тармағында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

пайдаланылатын шифрлау (криптографиялық) хаттамалардың атаулары;

тауарда пайдаланылатын криптографиялық алгоритмдердің (функциялардың) атаулары мен мақсаты, барлық пайдаланылатын криптографиялық кілттердің ең жоғары ұзындықтары;

бағдарламалық қамтылымның атауы мен нұсқасы;

дайындаушының техникалық жағдайларына сәйкес күшейту және ретрансляциялау қолданылмай сымсыз әрекет етудің ең жоғары ұзақтығы (криптографиялық алгоритм (функция) сымсыз радиоэлектрондық жабдықта пайдаланылған жағдайда);

дайындаушы бұғаттап тастаған шифрлау (криптографиялық) функциясы.

Тауарда пайдаланылатын шифрлау (криптографиялық) хаттамалары мен алгоритмдерінің атаулары әрбір нақты функцияны орындау үшін жеке-жеке көрсетіледі.

Криптографиялық алгоритмдерді (функцияларды) сипаттау кезінде оң жақта арнайы бөлінген ұяшықта Шифрлау (криптографиялық) құралдарын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету туралы ережеге (Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылғы

21 сәуірдегі № 30 шешіміне № 9 қосымша) № 4 қосымшаның тиісті тармағының нөмірі (санат нөмірі) көрсетіледі.

9. Нотификацияның 5-тармағында мыналар:

а) тауардың декларацияланбаған функционалдық мүмкіндіктері (бар болса), оларды пайдалану кезінде мынадай жағдайлар:

өңделетін ақпараттың құпиялылығын, қолжетімділігін немесе тұтастығын бұзу;

аутентификациялау процестерін бұзу;

электрондық цифрлық қолтаңбаны (электрондық қолтаңбаны) пайдалану тетігіне араласу орын алуы мүмкін;

б) жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу үшін мүмкіндіктің болуы немесе болмауы ("полициялық" режим) көрсетіледі.

10. Нотификацияның 6-тармағында нотификация қолданысының аяқталу күні көрсетіледі, дайындаушы сол күнге дейін шифрлау (криптографиялық) функцияларының КК.АА.ЖЖЖЖ форматында өзгеріссіз қалуына кепілдік береді.

11. Нотификацияның 7-тармағында:

заңды тұлғалар үшін – атауы, оның бас офісі орналасқан жер, телефон мен факс нөмірлері, электрондық поштасының және Интернет желісіндегі ресми сайтының (бар болғанда) мекенжайлары, сондай-ақ нотификацияны ресімдеуге уәкілеттік берілген адамның лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты;

жеке тұлғалар үшін – адамның тегі, аты және әкесінің аты, мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жеке басын куәландыратын құжаттың деректері көрсетіледі.

Мүше мемлекеттің өтініш берушісі мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес оны тіркеу туралы мәліметтерді (тіркеуші органның атауы, тіркелген күні, тіркеу нөмірі, сәйкестендіру нөмірі) де көрсетеді.

12. Нотификацияның 8-тармағында нотификацияны ресімдеуге өкілеттіктерді куәландыратын құжаттың (сенімхат, шарт (келісімшарт) және т.б.) деректемелері (күні мен нөмірі) көрсетіледі (нотификацияны уәкілетті тұлға ресімдеген жағдайда толтырылады).

13. Нотификацияның 9-тармағында нотификацияны толтыру күні КК.АА.ЖЖЖЖ форматында көрсетіледі.

14. Нотификацияны ресімдеуге уәкілеттік берілген тұлға қолтаңбасын ашып көрсете отырып, нотификацияға қол қояды және ол мөр бедерімен (бар болса) расталады.

15. Өтініш беруші ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы үшін жауапты болады.

16. Нотификация бланкісіне барлық ақпарат сыймаған жағдайда мұндай ақпараттың бір бөлігі бланкінің және әрбір қосымша парақтың артқы бетінде көрсетіледі, бұл ретте өтініш беруші нотификацияның әрбір парағына қол қойып, ол мөр бедерімен (бар болса) расталады.

17. Нотификацияның 1 – 8-тармақтарын толтыруға және оны электрондық түрде қалыптастыруға арналған бағдарламалық қамтылым Одақтың ресми сайтында орналастырылады және өтініш берушіге:

- а) нотификация нысанын осы Ережеге сәйкес толтыруға;
- б) нотификацияның баспа нысанын қалыптастырып, оны басып шығаруға;
- в) № 1 қосымшаға сәйкес деректер файлының құрылымына сай нотификацияның электрондық көшірмесін қалыптастыруға;
- г) нотификацияның қалыптастырылған баспа нысанын және электрондық көшірмесін файлда сақтауға мүмкіндік беруге тиіс.

18. Нотификацияны тіркеу үшін өтініш беруші келісуші органға ілеспе хатпен бірге берілетін жинақта мынадай құжаттарды:

- а) нотификацияның осы Ережеге сәйкес ресімделген 2 данасын;
- б) осы Ережеге № 1 қосымшада көзделген деректер файлының құрылымына сәйкес электрондық ақпарат жеткізгіштегі (компакт-диск, флеш-жад) нотификацияның электрондық көшірмесін;
- в) дайындаушы мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен куәландырылған (заңдастырылған), тұлғаның нотификацияны ресімдеуге өкілеттіктерін растайтын құжатты ұсынады. Аталған құжат шет тілде толтырылған жағдайда құжаттың түпнұсқасына (нотариат растаған көшірмесіне) мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен расталған, мүше мемлекеттің келісуші органы нотификацияны тіркеуді жүзеге асыратын оның мемлекеттік тіліне аудармасы қоса беріледі.

19. Нотификацияны үшінші елдің дайындаушы ұйымы болып табылатын өтініш беруші ресімдеген жағдайда нотификация заңдастырылуға тиіс.

20. Нотификация және құжаттар мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен электрондық құжат нысанында ұсынылуы мүмкін.

Егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, құжаттарды өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы (электрондық қолтаңбасы) қойылған сканерленген құжаттар түрінде ұсынуға жол беріледі.

21. Келісуші орган құжаттар нотификацияны тіркеуге берілген күннен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірмей, нотификацияны тіркеуді (тіркеуден бас тартуды) жүзеге асырады және Комиссияға № 2 қосымшаға сәйкес деректер файлының құрылымына сай тіркелген нотификациялар туралы мәліметтер ұсынады.

Келісуші органдар тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтердің толықтығы мен анықтығы үшін жауапты болады.

22. Комиссия тіркелген нотификациялар туралы мәліметтерді алған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, оларды Одақтың ресми сайтында жарияланатын бірыңғай нотификациялар тізіліміне енгізеді.

Нотификация оның тіркелгені туралы мәліметтер бірыңғай нотификациялар тізіліміне енгізілген күннен бастап қолданылады.

23. Нотификацияны тіркеу (нотификацияны тіркеуден бас тарту) және келісуші органда тіркелген нотификациялар туралы мәліметтерді бірыңғай нотификациялар тізіліміне енгізу мерзімі нотификацияны тіркеуге арналған құжаттар келісуші органға берілген күннен бастап

10 жұмыс күнінен аспауға тиіс.

24. Комиссия тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы Одақтың ресми сайтында орналастырылған мәліметтердің толықтығы мен анықтығы үшін жауапты болады.

25. Одақтың ресми сайтында пайдаланушыларға тіркелген нотификациялар туралы мәліметтерді қарау және іздеу мүмкіндігі беріледі.

26. Нотификацияны тіркеуге арналған құжаттар берілген күннен бастап нотификация тіркелгенге дейінгі аралықта өтініш беруші осы өзгерістерге нотификацияны ресімдеуге уәкілеттік берілген адамның визасын ала отырып, нотификацияға өзгерістер енгізе алады, бұл ретте нотификацияны тіркеу үшін белгіленген мерзімнің өтуі нотификацияға өзгерістер енгізілген күннен бастап жаңадан басталады.

27. Нотификацияны тіркеу үшін ұсынылған құжаттар осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда келісуші орган нотификацияны тіркеуден бас тартады.

28. Келісуші орган мынадай жағдайларда нотификацияның күшін жою туралы шешім қабылдауға құқылы:

а) себептерін көрсете отырып, өтініш берушінің келісуші органға нотификацияның қолданысын тоқтату туралы өтініш беруі;

б) келісуші органның нотификацияда көрсетілген анық емес немесе толық емес ақпаратты анықтауы;

нотификацияда көрсетілмеген шифрлау (криптографиялық) функцияларының анықталуы не шифрлау (криптографиялық) функциялары параметрлерінің нотификацияда көрсетілгеннен өзгеше болуы.

29. Нотификацияның күші жойылған жағдайда келісуші орган ол жөнінде 3 жұмыс күні ішінде Комиссияға хабарлайды.

30. Нотификацияның қолданылуы оның күші жойылғаны туралы мәліметтер бірыңғай нотификациялар тізіліміне енгізілген күннен бастап немесе оның қолданылу мерзімі өткен күннен бастап тоқтатылады.

Шифрлау (криптографиялық)
құралдарының және оларды
қамтитын тауарлардың
сипаттамалары туралы
нотификация жөніндегі ережеге
№ 1 ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің келісуші органына ұсынылатын нотификациялар туралы деректер файлының құрылымы

Нотификациялар туралы деректер файлы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің келісуші органына *.xls. форматында ұсынылуға тиіс. Аталған файл құрылымының сипаттамасы кестеде келтірілген.

Құрылым элементінің атауы	Жолдың типі	Мағыналық мазмұны	Міндеттілік
------------------------------	-------------	-------------------	-------------

1. Нөмірі* символдық тіркеу нөмірі жоқ
2. Тауардың атауы символдық тауардың атауы иә
3. Тауарды символдық тауарды дайындаушы иә
дайындаушы
4. Нотификацияның КК.АА.ЖЖЖЖ нотификацияның жоқ
тіркелген күні* форматындағы күн тіркелген күні
5. Қолданылу КК.АА.ЖЖЖЖ нотификацияның иә
мерзімі форматындағы күн қолданылу мерзімі
6. Мәртебесі* логикалық нотификация мәртебесінің жоқ

мәндері: қолданыста/күші
жойылған

7. Сәйкестендіргіш** символдық тауар сәйкестендіргіші иә
(12 мәндік код)

*Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің келісуші органы толтырады.

** Шифрлау (криптографиялық) құралдарын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету туралы ережеге (Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне № 9 қосымша) № 3 қосымшада көзделген нысан бойынша нотификацияның 4-тармағына енгізілген мәліметтердің негізінде толтырылады.

Көрсеткіштің мәні 12 белгіден құралады, олардың әрқайсысы Шифрлау (криптографиялық) құралдарын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету туралы ережеге (Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне № 9 қосымша) № 4 қосымшада көзделген шифрлау (криптографиялық) құралдары болып табылатын немесе құрамында шифрлау (криптографиялық) құралдары бар, техникалық және криптографиялық сипаттамалары нотификациялауға жататын тауарлар санаттары тізбесінің реттік нөміріне сәйкес келеді. Егер сәйкестендіргіш символының реттік нөмірінің мәні аталған тізбенің тармағы нөмірінің мәніне тең болса, онда символға бірлік мәні, ал өзгеше жағдайда – нөл мәні беріледі.

Шифрлау (криптографиялық)
құралдарының және оларды
қамтитын тауарлардың
сипаттамалары туралы
нотификация жөніндегі ережеге
№ 2 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің
келісуші органы Еуразиялық экономикалық комиссияға
ұсынатын тіркелген нотификациялар туралы
деректер файлының құрылымы**

Тіркелген нотификациялар туралы деректер файлын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің келісуші органы Еуразиялық экономикалық комиссияға *.xls. форматында ұсынады. Аталған файл құрылымының сипаттамасы кестеде келтірілген.

Тіркелген нотификациялар туралы деректер файлы Еуразиялық экономикалық комиссияға деректер соңғы рет ұсынылған күннен бастап тіркелген және күші жойылған нотификациялар туралы мәліметтерді қамтиды және оның мынадай атауы болуға тиіс:

nXX_DD_MM_YYYY. xls,

онда:

n – осы файлдың тіркелген нотификациялар туралы деректер
файлы болып табылатынын көрсететін элемент;

XX – әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес елдің коды
(AM – Армения Республикасы, BY – Беларусь Республикасы,
KZ – Қазақстан Республикасы, RU – Ресей Федерациясы);

DD_MM_YYYY – файлды Еуразиялық экономикалық комиссияға жөнелту күні.
Мысалы, Ресей Федерациясының келісуші органы жіберетін 2015 жылғы 15 наурызда
тіркелген нотификациялар туралы деректер файлының атауы мынадай болуға тиіс: nRU
_15_03_2015. xls.

Құрылым элементінің атауы	Жолдың типі	Мағыналық мазмұны	Міндеттілік
------------------------------	-------------	-------------------	-------------

1. Нөмірі символдық, тіркеу нөмірі, иә
XXNNNNNNNNNNNN Жолдың мәні бірегей
форматында, болуға тиіс

онда:

XX - әлем елдерінің
сыныптауышына
сәйкес елдің коды

2. Тауардың атауы символдық тауардың атауы иә

3. Тауарды символдық тауарды дайындаушы иә
бас дайындаушы

4. Нотификацияның КК.АА.ЖЖЖЖ нотификацияның иә
тіркелген күні форматындағы күн тіркелген күні

5. Қолданылу КК.АА.ЖЖЖЖ нотификацияның иә
мерзімі форматындағы күн қолданылу мерзімі

6. Сәйкестендіргіш символдық тауар сәйкестендіргіші иә
(12 мәндік код)

7. Мәртебесі логикалық нотификация мәртебесінің иә
мәндері: қолданыста/күші
жойылған

8. Күші жойылған КК.АА.ЖЖЖЖ нотификацияның күші иә күн форматындағы күн жойылған күн (күші жойылған жағдайда)

Шифрлау (криптографиялық)
құралдарын Еуразиялық
экономикалық одақтың кедендік
аумағына әкелу және Еуразиялық
экономикалық одақтың кедендік
аумағынан әкету туралы ережеге
№ 3 ҚОСЫМША

Шифрлау (криптографиялық) құралдарының және оларды қамтитын тауарлардың сипаттамалары туралы НОТИФИКАЦИЯ НЫСАНЫ

20__ ж. " __ " _____ тізілімде тіркелген № _____

М.О. _____
(келісуші органның лауазымды адамының қолы) (Т.А.Ә.)

_____ сипаттамалары
туралы
(шифрлау (криптографиялық) құралдарының және (немесе)
оларды қамтитын тауарлардың – керегін көрсету қажет)

НОТИФИКАЦИЯ

1. Тауардың атауы _____

2. Тауардың мақсаты _____

3. Тауарды дайындаушы туралы мәліметтер _____

4. Пайдаланылатын криптографиялық алгоритмдер № 4 қосымшадағы
(функциялар) және олардың мақсаты: санаттың №

а) _____

б) _____

в) _____

5. Тауарда пайдаланушыға берілетін пайдалану құжаттамасында сипатталмаған функционалдық мүмкіндіктердің болуы _____

6. Нотификацияның қолданылу мерзімі ____/____/____

7. Өтініш беруші туралы мәліметтер _____

8. Тұлғаның нотификацияны ресімдеуге өкілеттіктерін куәландырған дайындаушының құжаты туралы мәліметтер (қажет болғанда) _____

9. Нотификацияны толтыру күні ____/____/____

Нотификацияға енгізілген мәліметтердің анықтығы мен толықтығын растаймын:

М.О. _____

(өтініш берушінің қолы) (Т.А.Ә.)

Шифрлау (криптографиялық)
құралдарын Еуразиялық
экономикалық одақтың кедендік
аумағына әкелу және Еуразиялық
экономикалық одақтың кедендік
аумағынан әкету туралы ережеге
№ 4 ҚОСЫМША

**Шифрлау (криптографиялық) құралдары болып табылатын
немесе құрамында шифрлау (криптографиялық) құралдары бар, техникалық және**

криптографиялық сипаттамалары нотификациялауға жататын тауарлар санаттарының Т І З Б Е С І

1. Құрамында шифрлау (криптографиялық) құралдары бар, мыналардың кез келгені оның құрамдас бөлігі болатын тауарлар:

1) ұзындығы 56 биттен аспайтын криптографиялық кілтті пайдаланатын симметриялық криптографиялық алгоритм;

2) мынадай әдістердің кез келгеніне негізделген асимметриялық криптографиялық алгоритм:

мөлшері 512 биттен аспайтын тұтас сандардың көбейткіштеріне ыдырау;

мөлшері 512 биттен аспайтын түпкілікті жолдың мультипликативтік тобындағы дискреттік логарифмдерді есептеу;

осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген жолдан ерекшеленетін, мөлшері 112 биттен аспайтын түпкілікті жолдың тобындағы дискреттік логарифм.

Ескерту: 1. Жұптық биттер кілттің ұзындығына енгізілмейді.

2. "Криптография" термині деректерді сығымдаудың немесе кодтаудың тіркелген әдістеріне жатпайды.

2. Құрамында шифрлау (криптографиялық) құралдары бар, мынадай шектеулі функцияларға ие тауарлар:

1) парольдерді қорғаумен тікелей байланысты болатын шифрлауды, дербес сәйкестендіру нөмірлерін немесе рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғауға арналған сол сияқты деректерді қоспағанда, файлдарды немесе мәтіндерді шифрлау болмайтын қол жеткізуді бақылаудың барлық аспектілерін қамтитын аутентификация;

2) электрондық цифрлық қолтаңба (электрондық қолтаңба).

Ескерту: Аутентификация және электрондық цифрлық қолтаңба (электрондық қолтаңба) функциялары солармен байланысты болатын, кілттерді бөлу функциясын қамтиды.

3. Бағдарламалық операциялық жүйелердің құрамдастары болып табылатын, криптографиялық мүмкіндіктерін пайдаланушылар өзгерте алмайтын, жеткізушінің одан әрі елеулі қолдауынсыз пайдаланушының дербес орната алуы үшін әзірленген және техникалық құжаттамасы (криптографиялық түрленулер алгоритмдерінің сипаттамасы, өзара іс-қимыл хаттамалары, интерфейстер сипаттамасы және т.б.) пайдаланушыға қолжетімді болып табылатын шифрлау (криптографиялық) құралдар.

4. Дербес смарт-карталар (интеллектуалды карталар):

1) криптографиялық мүмкіндіктері оларды осы тізбенің

5 – 8-тармақтарында көрсетілген тауарлар (өнімдер) санаттарында пайдаланумен шектелген;

2) кеңінен жалпыға қолжетімді түрде қолдануға арналған, криптографиялық мүмкіндіктері пайдаланушыға қолжетімсіз болатын және арнайы әзірлеудің нәтижесінде сонда сақталатын дербес ақпаратты қорғаудың шектелген мүмкіндіктері бар.

Ескерту: Егер дербес смарт-карталар (интеллектуалды карта) бірнеше функцияларды жүзеге асыра алатын болса, әрбір функцияның бақылау мәртебесі жеке-жеке айқындалады.

5. Шифрлауды тек қана бейне- немесе аудиоарналарды басқару, шоттарды жөнелту немесе бағдарламамен байланысты ақпаратты тарату провайдерлеріне қайтару үшін пайдалану жағдайларын қоспағанда, радиохабар таратуға, коммерциялық теледидарға арналған қабылдау аппаратурасы немесе цифрлық сигналды шифрлаусыз шектеулі аудиторияға таратуға арналған осыған ұқсас коммерциялық аппаратура.

6. Криптографиялық мүмкіндіктері пайдаланушыға қолжетімсіз болатын, арнайы әзірленген және мынадай тәсілдердің кез келгенімен:

1) бағдарламалық қамтылымның көшіруден қорғалған түрде орындалуымен;

2) мыналардың кез келгеніне:

оқу үшін қолжетімді болатын электрондық ақпарат тасығышында ғана сақталатын, көшіруден қорғалған құрауышына;

электрондық ақпарат тасығыштарда шифрланған нысанда сақталатын, тұрғындарға ұқсас жинақтарда сатуға ұсынылатын ақпаратқа қол жеткізумен;

3) авторлық құқықтармен қорғалған аудио- және бейнеақпаратты көшіруді бақылаумен қолдануға шектеулі болатын жабдық.

7. Арнайы әзірленген және банктік немесе қаржылық операциялар үшін қолданылуы шектелген шифрлау (криптографиялық) жабдығы.

Ескерту: Қаржылық операциялар көліктік қызмет көрсетулер үшін алымдар мен төлемдерді және несиелендіруді де қамтиды.

8. Өтпелі шифрлауға (абоненттен абонентке дейін) қабілетсіз, азаматтық мақсаттағы портативтік немесе мобильдік радиоэлектрондық құралдар (мысалы, коммерциялық азаматтық жүйелерде ұялы радиобайланысты пайдалануға арналған).

9. Ақпаратты шифрлауды өндірушінің техникалық жағдайларына сәйкес күшейту және ретрансляциялау қолданылмай сымсыз әрекет етудің ең жоғары ұзақтығы 400 метрден кем болатын радиоарнада ғана жүзеге асыратын сымсыз радиоэлектрондық жабдық.

10. Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелердің технологиялық арналарын және байланыс желілерін қорғау үшін пайдаланылатын шифрлау (криптографиялық) құралдары.

11. Криптографиялық функциясын өндіруші бұғаттап тастаған тауарлар.

12. Осы тізбенің 1 – 11-тармақтарында көрсетілгендерден ерекшеленетін шифрлау (криптографиялық) құралдарын қамтитын және мынадай өлшемдерге сәйкес келетін:

1) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тұрғындарға мынадай тәсілдің кез келгені:

қолма-қол ақшаға сату;

тауарларға пошта арқылы тапсырыс беру жолымен сату;

электрондық мәмілелер;

телефон тапсырыстары бойынша сату арқылы бөлшек сауда орындарында қолда бар ассортименттен шектеусіз сату үшін жалпыға қолжетімді болатын;

2) пайдаланушы шифрлау (криптографиялық) функционалдық мүмкіндіктерін қарапайым тәсілмен өзгерте алмайтын;

3) жеткізушінің одан әрі елеулі қолдауынсыз пайдаланушының орната алуы үшін әзірленген;

4) тауарлардың осы тармақтың 1 – 3-тармақшаларының талаптарына сай келетінін растайтын техникалық құжаттаманы дайындаушы еркін түрде қолжетімді етіп орналастырған және қажет болған кезде дайындаушы (ол уәкілеттік берген тұлға) келісуші органға оның сұрау салуы бойынша ұсынатын өзге де тауарлар.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 30 шешіміне
№ 10 ҚОСЫМША

Есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша) көзделген, үшінші елдермен жасалатын саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.12-бөліміне енгізілген есірткі заттарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын (бұдан әрі – есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу (бұдан әрі – әкелу) және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету (бұдан әрі тиісінше – Одақ, әкету) тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық

экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша) және Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарда айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Есірткі заттарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын әкелу және (немесе) әкету есірткі заттарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын осы Ереженің

6-тармағына сәйкес әкелуді және (немесе) әкетуді қоспағанда, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешімімен бекітілген Жекелеген тауарлар түрлерін экспорттауға және (немесе) импорттауға лицензия беруге арналған өтінішті ресімдеу туралы және осындай лицензияны ресімдеу туралы нұсқаулыққа сәйкес ресімделген лицензия (бұдан әрі – лицензия) болған кезде жүзеге асырылады.

4. Лицензия есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары Одақтың кедендік аумағына жеткізілген кезде Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) кеден органына ұсынылады.

II. Кедендік рәсімдерге орналастыру

5. Есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын ішкі тұтыну мен экспорт үшін шығарудың кедендік рәсімдеріне орналастыру мүше мемлекеттің кеден органына лицензияны ұсынған кезде жүзеге асырылады.

6. Мынадай жағдайларда мүше мемлекеттің кеден органына лицензияны ұсыну талап етілмейді:

а) жеке тұлғалардың тауар атауы мен саны көрсетілген растайтын медициналық құжаттар болған кезде медициналық көрсетілімдер бойынша жеке қолдану үшін дәрілік заттар түрінде есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының, сондай-ақ мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалған көлемдерде жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде прекурсорлардың шектеулі санын әкелуі және (немесе) әкетуі.

Растайтын медициналық құжаттар (олардың растайтын көшірмелері) көрсетілген дәрілік заттарды аумағына әкелу жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің тілінде толтырылады не, егер мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше белгіленбеген болса, олардың көрсетілген мүше мемлекеттің тіліндегі нотариат растаған аудармасы қоса беріледі;

б) төтенше жағдайлар кезінде шұғыл көмек көрсетуге арналған есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес әкелу және (немесе) әкету;

в) көлік құралындағы алғашқы жәрдем қобдишаларында осындай көлік құралдарын тіркеген мемлекеттің заңнамасында айқындалған шектеулі сандар:

есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының теңіз (өзен) кемелерінде және халықаралық қатынастағы әуе кемелерінде;

психотроптық заттар мен прекурсорлардың халықаралық қатынастағы теміржол және автомобиль көлігінде болуы;

г) әуе, теңіз (өзен), теміржол көлік құралының жабдықтары мен техникалық құрылғыларын қалыпты пайдалануды қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшердегі керек-жарақтар ретінде пайдаланылатын прекурсорларды әкелу және (немесе) әкету.

7. Есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Одақтың кедендік аумағына жеткізілу жеріндегі кеден органынан Одақтың кедендік аумағынан әкетілу орнындағы кеден органына дейін тасымалдау үшін кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастыру жеткізілу жеріндегі кеден органына экспорттаушы мемлекеттің құзыретті органының есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының нақты партиясын әкетуге арналған рұқсатының расталған көшірмесі не осы органның аталған рұқсаттың талап етілмейтіндігі туралы ресми хабарламасы ұсынылған кезде жүзеге асырылады.

Экспорттаушы мемлекеттің құзыретті органы рұқсатының көшірмесі экспорттаушы мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен расталуға (заңдастырылуға) тиіс.

8. Есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Одақтың кедендік аумағына жеткізілу жеріндегі кеден органынан ішкі кеден органына дейін, сондай-ақ ішкі кеден органынан Одақтың кедендік аумағынан әкетілу жеріндегі кеден органына дейін тасымалдау үшін кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастыру кеден органына осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген лицензия ұсынылған кезде жүзеге асырылады.

9. Есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын кедендік қойманың, кедендік аумақта өндеудің, кедендік аумақтан тысқары жерде өндеудің, ішкі тұтыну үшін өндеудің, уақытша әкелудің (жол берудің), уақытша әкетудің, бажсыз сауданың, жоюдың, мемлекет пайдасына бас тартудың, еркін кедендік аймақтың, еркін қойманың, кері импорттың және кері экспорттың кедендік рәсімдеріне орналастыруға жол берілмейді.

III. Лицензия беру

10. Лицензияны ресімдеу үшін заңды тұлғалар (бұдан әрі – өтініш берушілер) аумағында өтініш беруші тіркелген мүше мемлекеттің уәкілетті органына Тауарларды экспорттауға және (немесе) импорттауға лицензиялар мен рұқсаттар беру Қағидаларының (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа № 7 қосымша қосымша) (бұдан әрі - Қағидалар) 10-тармағының 1 – 5-тармақшаларында көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

Қағидалардың 10-тармағының 6-тармақшасына сәйкес есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын экспорттауға арналған лицензияны ресімдеу үшін өтініш берушілер экспорттаушы мемлекеттің құзыретті органы берген

есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының нақты партиясын әкелуге арналған рұқсатты (түпнұсқасын немесе оның нотариат растаған көшірмесін) не осы органның аталған рұқсаттың талап етілмейтіндігі туралы ресми хабарламасын ұсынады.

11. Өтініш беруші ұсынатын құжаттардың көшірмелері Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіппен расталуға тиіс.

12. Егер мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес лицензия беру туралы шешімді уәкілетті орган осы мүше мемлекеттің басқа да мемлекеттік билік органымен (бұдан әрі – келісуші орган) келісу бойынша қабылдайтын болса, онда мұндай келісу осы мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Келісу қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

13. 1961 жылғы Есірткі заттары туралы бірыңғай конвенцияға сәйкес халықаралық бақылауда болатын есірткі заттарының әкетуге арналған лицензияда көрсетілген саны Есірткілерді бақылау жөніндегі халықаралық комитет бекіткен және жариялаған әкелінетін ел үшін есірткі заттарына қажеттіліктердің жылдық есептемесінен аспауға тиіс.

1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенцияға сәйкес халықаралық бақылауда болатын психотроптық заттардың әкетуге арналған лицензияда көрсетілген саны Есірткілерді бақылау жөніндегі халықаралық комитет жариялаған әкелінетін ел үшін аталған Конвенцияның II – IV Тізімдеріне енгізілген заттарға жыл сайынғы медициналық және ғылыми қажеттіліктерді бағалаудан аспауға тиіс.

14. Қағидалардың 14-тармағының 1 – 5-тармақшаларында көзделген негіздер болған кезде, сондай-ақ келісуші орган лицензия беруге арналған өтінішке келісім беруден бас тартқан жағдайда – Қағидалардың

14-тармағының 6-тармақшасына сәйкес лицензия беруден бас тартылады.

15. Лицензия алған өтініш берушілер Қағидалардың 22-тармағына сәйкес мүше мемлекеттің уәкілетті органына лицензияны орындау туралы есеп беріп отырады.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 30 шешіміне
№ 11 ҚОСЫМША

Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының күші жойылды деп танылған шешімдерінің ТІЗБЕСІ

1. Кеден одағы комиссиясының "Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы кеден одағының бірыңғай тарифтік емес реттеу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету туралы" 2010 жылғы 27 қаңтардағы № 168 шешімінің 4-тармағы.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы" 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешіміндегі:

а) аталған Шешіммен бекітілген Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 1.2, 1.3, 1.7, 1.8, 2.3, 2.6 – 2.8, 2.11, 2.12, 2.19 – 2.21-бөлімдері;

б) аталған Шешіммен бекітілген Шектеулер қолдану туралы ережелердегі:

Қауіпті қалдықтарды Кеден одағының кедендік аумағына әкелу, Кеден одағының кедендік аумағынан әкету және олардың Кеден одағының кедендік аумағы арқылы транзиті тәртібі туралы ереже;

Жабайы тірі жануарларды, жекелеген жабайы өсетін өсімдіктерді және жабайы өсетін дәрілік шикізатты Кеден одағының кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы ереже;

Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының қызыл кітаптарына енгізілген сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жабайы жануарлар мен жабайы өсетін өсімдіктер түрлерін, олардың бөліктерін және (немесе) туындыларын Кеден одағының кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы ереже;

Минералдық шикізатты Кеден одағының кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы ереже;

Есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Кеден одағының кедендік аумағына әкелу, олардың кедендік аумағынан әкету және кедендік аумағы арқылы транзиті тәртібі туралы ереже;

Шифрлау (криптографиялық) құралдарын Кеден одағының кедендік аумағына әкелу және Кеден одағының кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы ереже;

Мәдени құндылықтарды, ұлттық архивтік қорлардың құжаттарын және архивтік құжаттардың түпнұсқаларын Кеден одағының кедендік аумағына әкелу және Кеден одағының кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы ереже;

Адам органдарын және (немесе) тіндерін, кан мен оның құрамдастарын Кеден одағының кедендік аумағына әкелу және Кеден одағының кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы ереже.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Шектеулер қолдану туралы ережелерге өзгеріс енгізу туралы" 2012 жылғы 18 қазандағы № 184 шешімі.

4. Шектеулер қолдану туралы ережелерге енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Шектеулер қолдану туралы ережелерге өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 242 шешіміне қосымша).

5. Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағының "б" тармақшасы (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасының өзгеруіне байланысты Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 243 шешіміне қосымша).

6. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "32 нанометрден аспайтын технологиялық процесс бойынша жасалған микропроцессорларға қатысты Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына және Кеден одағының Бірыңғай кедендік тарифіне және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 260 шешімінің 2-тармағы.

7. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Есептеу машиналарының жекелеген түрлеріне қатысты Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына және Кеден одағының Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 303 шешімінің 4-тармағы.

8. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар мен шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.12-бөліміне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 95 шешімі.

9. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Шектеулер қолдану туралы ережелерге өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 14 мамырдағы № 103 шешімі.

10. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар мен шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.12-бөліміне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 4 маусымдағы № 121 шешімі.

11. Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссияның жекелеген шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің

11-тармағының "а" және "в" тармақшалары (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссияның жекелеген шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешімінің жобасын мақұлдау туралы" 2013 жылғы 25 маусымдағы № 140 шешіміне қосымша).

12. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар мен шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.12-бөліміне өзгеріс енгізу туралы" 2013 жылғы 22 қазандағы № 234 шешімі.

13. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Мия тамырына қатысты Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына және Кеден одағының Бірыңғай кедендік тарифіне және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 134 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2013 жылғы 17 желтоқсандағы № 300 шешімі 2-тармағының "а" тармақшасы.

14. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Шайыртасқа қатысты Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына және Кеден одағының Бірыңғай кедендік тарифіне, Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешімінің жобасын мақұлдау туралы" 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 53 шешімінің 3-тармағы "а" тармақшасының екінші және үшінші абзацтары.

15. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар мен шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.6-бөліміне өзгеріс енгізу туралы" 2014 жылғы 3 маусымдағы № 82 шешімі.

16. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасының өзгеруіне байланысты Кеден одағы комиссиясының кейбір шешімдеріне және Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 25 маусымдағы № 94 шешімінің 3-тармағы.

17. Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 5-тармағы (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Азаматтық авиация мен азаматтық әуе кемелеріне арналған жекелеген тауарлар түрлеріне қатысты Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына және Кеден одағының Бірыңғай кедендік тарифіне, Кеден одағы комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешімінің жобасын мақұлдау туралы" 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 214 шешіміне № 4 қосымша).

18. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше

мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар мен шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.7-бөліміне өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 247 шешімі.

19. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Үшінші елдермен жасалатын саудада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар мен шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесінің 2.8-бөліміне өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 248 шешімі.